

Жаһандық диалог

7.2

Жылына 4 рет 17 тілде шығады

Дутертенің диктатурасы

Уолден Белло

Пәкістандағы әлеуметтану

Аяз Куреши,
Нида Кирмани,
Кавери Куреши,
Таниа Саид,
Әмен Жаффер

Зигмунт Бауманды еске алу

Питер Макмилор,
Мачей Гдула,
Питер Бейлхарц

Канададағы әлеуметтану

Говард Рамос,
Рима Уилкс,
Нил Маклафлин,
Дэниел Беланд,
Патрисия Ландольт,
Шерил Тилуксинг,
Карен Фостер,
Фуюки Курасава

Арнайы бағаналар

- > АҚШ университеттеріндегі иммигранттарға қарсы күрес
- > Аргентиналық редакция мүшелерін таныстыру


MAGAZINE



International
Sociological
Association
.isa

Басылым 7 / Шығарылым 2 / Маусым 2017
www.isa-sociology.org/global-dialogue/

GD



Реакция дәуіріндегі әлеуметтану

Дутерте, Ердоған, Орбан, Путин, Ле Пен, Моді, Зума және Трамп – барлығы бір-бірінен аумайды, себебі бәрінің «илегені» – ұлттық ксенофобтық және авторитарлық сипаттағы «тулақтың бір ұшы». Трамптың жойқын жеңісі либералды емес қозғалыстар мен оңшыл диктатураға тың қуат берді. Саяси реакция ондаған жылдар бойы қалыптасу процесінде болды, себебі либералды демократия аса сақ, оқшауланған және теңсіздік орныққан маркетингизацияның үшінші толқынын жүргізіп отырған еді. Осының алдындағы 1930-1920 жылдардағы фашистік төңкеріс маркетингизацияның екінші толқынына илескен. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ол әлсіреді, бірақ осы раундта реакция жеңілді деп айта аламыз ба? Демократияның либералды институттары қаншалықты мықты? Трамп әкімшілігінің алғашқы күндері ол бұйрықтар ағынында қорғансыз екенін көрсетті. Портакарреро және Лара Гарсияның мақаласы университетті қарсыласу алаңының бірі ретінде баяндайды.

Басқа мемлекеттер жағдайы қалай? Осы нөмірде Уолден Белло Филиппин президенті Дутертоның жауыздығын сипаттайды, оның билікке келуін Маркос режимі құлағаннан кейінгі АҚШ-тың сыртқы саясатына бағыну нәтижесінде тереңдей түскен теңсіздік пен арсыз саяси жемқорлық сипаттайтын сәтсіздіктерден либералдық демократияның сәтсіздіктеріне дейін бақылауға болады. Либералдық демократияның кемшіліктеріне осылайша саяси жауап қайтару популистік сипат алды, тіпті ол үстем таптың мүдделерін жақтап отырған кезде де Ердоған күрділерді, Трамп иммигранттарды және неміс фашизмі арий еместерді жексұрын еткені сияқты, халықтың стигматизацияланған бөлігін, яғни есірткі сатушылар мен сатып алушыларды жексұрын етіп көрсетіп отырды. Шынында, Беллоның әңгімесінде неміс фашизмімен ортақ тұстары көп екеніне дәлел баршылық.

Пәкістан – популистік үндеулер экономикалық биліктің шоғырлануымен қатар жүретін, әскери тәртіп таңсық емес елдердің бірі. Пәкістандағы әлеуметтану – әлі де өнімі аз, шектеулі «кәсіпорын», соған қарамастан осы шығарылымдағы мақалалардан инфрақұрылымдық даму мультиұлттық компанияларға пайда келтіріп отырғанын, Парсы шығанағы елдерінің бақылаушы органдары неғұрлым білікті пәкістандық мигранттарды таңдайтынын және әйелдердің жұмысшы күші ретінде нарыққа шығуы оларға көрсетілетін зорлық-зомбылықты азайтып отырмағанын баяндайтын жаңашыл және сыни көзқарастарды көреміз. Сонымен қатар Ұлыбританиядағы пәкістандықтар жайлы екі зерттеуіміз бар, пәкістандық иммигранттардың некелік қарым-қатынастары және мұсылман студенттерінің секуляризацияны қалай бастарынан өткізіп отырғаны қарастырылады. Барлығы тақырыптық бес зерттеуде ұлттық шекаралар шегінен шыққан нағыз постколониялық бағыну әлеуметтануы дамытылады.

Иммиграция және экологиялық әділеттілік мәселелерімен байланысты Канаданың анағұрлым оптимистік әлеуметтануының өзіндік ерекшелігі бар. Канададағы әлеуметтанудың саяси әлеммен байланысы өте тығыз. Бұрынғы премьер-министр Стивен Харпердің қорлап, сөккеніне қарамастан, канадалық әлеуметтанушылар қоғам тарапынан достық ықпаласқа ие. Олардың пәс кейпі әлі де әлеуметтік-демократиялық сипатын жоғалтпаған мемлекеттен көп нәрсе күтетінін көрсетеді.

Біздің дәуірдің мағынасын түсінген бір әлеуметтанушы болса, ол – 91 жасында дүниеден өткен Зигмунт Бауман. Үш мемориалисіміз оның ерекше өмірін сипаттайды, скептикалық утопизмге толы адамгершілік көзқарасын баяндайды. Оның шабыттандырушы әлеуметтануы ондаған жылдар бойы өмір сүретін болады.

> Жаһандық Диалог [ХӘҚ ресми сайтында](#) 17 тілде жарияланады

> Мақалаларды мына адреске жолдауға болады buraowoy@berkeley.edu



Ісіне адал зерттеуші, саяси белсенді және жаһандық әлеуметтанушы **Уолден Белло** Филиппин президенті Родриго Дутертенің жаңа тәртібін сипаттайды.



Пәкістан: Лаһор университетінде қалыптасқан трансұлттық әлеуметтану басқару саласында.



Зигмунт Бауман: заманымыздың көрнекті әлеуметтанушыларының бірін еске алу.



Канада: елдің өжет те ықпалды әлеуметтануы.



Жаһандық диалог SAGE Publications ұсынған риясыз грант негізінде жүзеге асып отыр.

> Редакциялық алқа

Редактор: Майкл Буравой.

Редактордың орынбасары: Гай Сейдман.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Августо Бага.

Редакциялық кеңес:

Маргарет Абрахам, Маркус Шульц, Сари Ханафи, Виниета Синха, Бенджамин Теджерина, Роземари Барбарет, Изабелла Барлинска, Дилек Чиндыоглу, Филомин Гуттиерес, Джон Холмвуд, Гуэлермино Жассо, Калпана Каннабиран, Марина Куркчян, Саймон Мападименг, Абдул-мунин Саад, Айше Сактанбер, Сели Скалон, Саука Ширахасе, Гразина Скапска, Эвангелия Тастосоглоу, Чин-чин Ю, Елена Здравомыслова.

Аймақтық редакторлар

Араб әлемі:

Сари Ханафи, Мунир Сайдани.

Аргентина:

Хуан Игнасио Пиовани, Пилар Пи Пуч, Мартин Уртасан.

Бангладеш:

Хабибул Хак Хондкер, Хасан Махмуд, Джувел Рана, Юс Рокейя Ахтер, Тоуфика Султана, Асиф Бин Али, Харун Нахар, Ешрат Джахан Аймун, Кази Фадия Еша, Хелал Аддин, Мухамин Чоудари.

Бразилия:

Густаво Танигутти, Андреса Галли, Анжела Мартинс Джуниор, Лукс Амарал, Бенно Альвес, Жулио Дэвис.

Үндістан:

Ишвар Модии, Рашми Жаин, Джуотти Сидана, Прага Шарма, Нидхи Бансал, Панкаш Бхатнагар.

Индонезия:

Каманто Сунарто, Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итрия, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Джулиаван, Мохаммад Шохибуддин, Домингус Элид Ли, Антониус Арио Сето Харджана.

Иран:

Рейханех Жавади, Нияеш Долати, Мина Азизи, Митрп Данешвар, Вахид Ленджанзаде.

Жапония:

Сатоми Ямомото, Мики Аоки, Масатака Егучи, Мами Эндо, Акане Хигучи, Юка Хирано, Хикару Хонда, Юми Икеда, Изуми Ишида, Айна Кубота, Юна Нагайе.

Қазақстан:

Айгүл Забиров, Баян Смағамбет, Әділ Родионов, Ғани Мадиярбеков, Алмаш Тілеспаева, Қуаныш Теле.

Польша:

Якуб Барщевски, Катарзина Дебска, Паулина Домагалска, Адрианна Дроздовска, Лукаш Дулняк, Ян Фрыдрих, Кшиштоф Губански, Кинга Жакиела, Жюстина Косинска, Камил Липински, Миколаж Миерзежевски, Каролина Миколажевска-Зажак, Адам Мюллер, Зофия Пенза, Тереза Телезинска, Анна Вандзель, Яшек Зих, Лукаш Жоладек.

Румыния:

Косима Ружиниш, Райса-Габриела Замфиреску, Костинел Анята, Мариа-Лоредана Арсене, Татьяна Кожокар, Флорина Динка, Андрей Добре, Диана Александра Думитреску, Юлиан Габор, Родика Лизеану, Мадалина Манеа, Михай-Богдан Мариан, Андреа Елена Молдовану, Рареш-Михай Мушат, Уна-Елена Негри, Миоара Парашив, Ян Даниель Попа, Сюзана Попа, Диана Прутеану Сас, Элис Соаре, Иоана Силистрару.

Ресей:

Елена Здравомыслова, Анна Кадникова, Ася Воронкова.

Тайвань:

Джинг Мао Ху.

Түркия:

Гүл Шарбаджоғлы, Ирмак Эврен.

Медиа кеңесшілер: Густаво Танигутти.

> Осы шығарылымда

Редактордан: Реакция дәуіріндегі Әлеуметтану	2
Дутертенің либералды демократияға қарсы көтерілісі Уолден Белло , Филиппины	4

> ПӘКІСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТАНУ

Шығанақтағы көші-қонды медициналық қадағалау Аяз Куреши , Пәкістан	7
Экономикалық өмірге қатысу және әйелдерге қатысты зорлық Нида Кирмани , Пәкістан	9
Диаспорадағы ажырасу Кавери Куреши , Пәкістан	11
Исламофобия және күн тәртібіндегі британ қауіпсіздігі Таниа Саид , Пәкістан	13
Инфрақұрылым саясаты Әмен Жаффер , Пәкістан	15

> ЕСКЕ АЛУ

Зигмунт Бауманның адамгершілік көзқарасы Питер Макмилор , Ұлыбритания	17
Зигмунт Бауман – скептикалық утопист Мачей Гдула , Польша	19
Зигмунд Бауманның аруағына Питер Бейлхарц , Аустралия	21

> КАНАДАДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТАНУ

Әлеуметтанулық емес уақыттағы әлеуметтану Говард Рамос , Рима Уилкс , және Нил Маклафлин , Канада	23
Канададағы азаматтығы жоқ сенімсіздер Дэниел Беланд , Канада	25
Канададағы азаматтығы жоқ сенімсіздер Патрисия Ландольт , Канада	27
Экологиялық әділеттіліктегі әлеуметтанудың жауапкершілігі Шерил Тилуксинг , Канада	29
Өзгелердей уақыт аясындағы әлеуметтану (ешқашан толық емес) Карэн Фостер , Канада	31
Әлеуметтанушылардың беймаза кезеңде БАҚ-қа қатысуы Фуюки Курасава , Канада	33

> АРНАЙЫ БАҒАНАЛАР

АҚШ Университеттері: Иммигранттарға қарсы күреске арналған жаңа сайт Сандра Портокарреро және Франциско Лара Гарсия , АҚШ	35
Аргентиналық редакция мүшелерін таныстыру Хуан Игнасио Пиовани , Пилар Пи Пуч және Мартин Уртасун , Аргентина	37



> Дутертенің либералды демократияға қарсы көтерілісі

Уолден Белло, Нью-Йорк мемлекеттік университеті, Бингемтон; Филиппиннің өкілдер палатасының бұрынғы мүшесі.



Көне бағыттың көрін қазушы Родриго Дутерте немесе «DU30» («du-terte» деп айтылады) яки «Баскесер». Арбұдың иллюстрациясы.

Ұлттық контреволюцияны жеңген Иосиф Геббельс өзінің атақты сөзінде «бұдан бұлай 1789 жыл тарихтан жойылады» деген еді. АҚШ, Еуропа және басқа жерлердегі өршіп отырған фашистік қозғалыстар 1989 жылдың маңызын тарихтан өшірейін деп отыр деуге келе ме?

1789 жылы француз революциясы басталды. Сол сияқты, Фрэнсис Фукаяма және басқалар үшін 1989 жыл либералды демократияның шарықтау шегін білдірген. Фукаяманың «тарихтың соңы» дегені – Еуропадағы коммунизмнің және дамушы елдердегі оңшыл авторитарлы биліктің жеңіліс тауып, «экономикалық және саяси либерализмнің мызғымас жеңісі [...] және адамзат үшін соңғы басқару формасы ретінде батыстық либералды демократияның әмбебапқа айналуы».

Фукаяманың өріс алып келе жатқан утопиясына көп ұзамай күмәндануға, негізінен, Таяу Шығыстағы діни рухтанған саяси ислам мен Шығыс Еуропадағы этникалық біртектілікті қолдайтын күштердің антилибералдық қозғалыстары түрткі болды. Алайда, 2016 жылы мамырда Филиппинде сайлау қозғалысының нәтижесінде президент сайланған Родриго Дутертемен салыстырғанда, бірде бір адам яки қозғалыс либералды демократиялық идеалдарға аса өрескел менсінбеушілік танытқан емес-ті.

> Элиминационизм

Дутертенің есірткімен күреске бағытталған қол жинау бағдарламасы небәрі тоғыз айда барлығы 8000 адам

өмірінің қиылуына алып келді. Бұл – әдеттегі құқық қорғау бағдарламасы емес. Жалған нацистік-нәсілдік теорияларға ұқсас идеологиялық және (адам өлтіруді) ақтау идеяларымен шекаралас фанатизммен жүргізілген аталмыш кампания қоғамның бүтін бір секторын өмір сүру, тиісті рәсімдерді өткізу немесе қоғам мүшелігі құқығынан айырды. Дутерте елдің 103 миллион халқының шамамен 3 миллионын құрайтын нашақорлар мен есірткі таратындарды адам нәсіліне жатқызбауды ұсынды. Өзіне тән қызба шешендігімен қауіпсіздік күштеріне «Адамзатқа қарсы қылмыс? Басын ашып алайық: олар адам ба? Сіздер адами қасиеттерді қалай түсінесіздер?» деген болатын.

«Өзін-өзі қорғау» мақсатында адам өлтіруді ақтап, Дутерте ««Сябуды» – метамфитамин гидрохлоридтің жергілікті атауы – пайдалану адам миының сығылуына әсер етеді, сондықтан ондай адамдар қайта қалпына келмейді», – дейді. Нашақорларды «қоғамға пайдасы жоқ», «тірі өліктер» және олар «қауіпті параноиктер» деп сипаттайды. Дутерте полицияға тұтқындауға мейлі қарсылық көрсетсін, көрсетпесін нашақорларды өлтірудің тіркеу парақшаларын ұсынды. Өлі іс жүзінде кінәсі анықталмаған нашақорларды өлтірген полиция қызметкерлеріне «өзінді сотқа әкелгендермен бірге қайта бер» деп шапшаң кешірім берген.

Өз кампаниясы барысында «қылмыскерлерді Манила шыға-нағының балықтарына жем қылам» деген орынсыз уәдесіне карамастан, сол уәдесін жүзеге асыру барысында Дутертенің халық арасында қолдау дәрежесі өте жоғары – 83% шамасына жетті, сондай-ақ желіде мұндай аса аяусыз әрекеттерін сынағандар оны қолдаушылар тарапынан кибер шабуылға ұшырап отырады.

> Дутертизмнің негізгі себебі

Дутертенің бұқаралық қолдауға ие болуының түпкі себебі не? Оның нашақорларды қоғам үшін обаға балағаны – қолдауды туындатқаны шындық. Бірақ, оның одан да терең себептері бар. Дутертенің қоғамда сенімге ие болуы – 1986 жылы ЭДСА көтерілісі Фердинанд Маркосты тақтан

тайдырған либералды-демократиялық тәртіптен терең түңілу нәтижесі. Іс жүзінде, Маркос диктатурасын биліктен тайдыруға бағытталған қарсылықтар ұйымдастырылған Манила тас жолының құрметіне қойылған «ЭДСА Республикасының жеңілісі» Дутерте жетістігінің алғышарты еді.

Дутерте жолы Филиппин сайлау жүйесінің элита қолында болуы, ұзақ уақыт байлықтың шоғырлануы, нео-либералдық экономикалық саясат және Вашингтонның сыртқы қарыздарды қайтару туралы талаптарының қауіпті комбинациясынан қаланды. 2016 жылғы сайлау кезінде ЭДСА Республикасының азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктерін арттыру туралы уәделері мен байлық бөлінісі арасында тұңғыш қалыптасты, ал Филиппиндегі шынайы өмір жаппай кедейлік, даулы теңсіздік және жан-жақты жемқорлықпен байланысты болды. Осыған енді президент Бенигно Акино III жөнсіз басқаруы туралы пікірді қосыңыз, 16 миллионнан астам дауыс берушілерінің, яғни сайлаушылардың шамамен 40% оңтүстіктегі шекаралас Давао қаласының мэрі – Дутертенің соңғы 30 жылда жүзеге асырған қатаң авторитарлық басқару үлгісіне қызығушылық танытып, елге осындай тәртіпті орнына келтіретін «қатал жігіт» қажет деп табуы таңғаларлық дүние болмады. Энтони Доердің соғыстың алдындағы немістер туралы айтқаны сияқты, филиппиндіктер де «бәрін өз қолына алып, тәртіпке келтіретін тұлғаны тағатсыз күтті».

Сонымен қатар, ЭДСА Республикасының демократия, адам құқығы және заңның жоғары тұруы бағытындағы дискурсы дәрменсіздік сезіміне әбден тойған көптеген филиппиндіктер үшін ақыреттік жейде іспетті көрінді. Дутерте дискурсы – өзі «соfос» немесе «cunts» деп атаған элитаға бағытталған ашық өліммен қорқыту, дөрекі көше тілі мен қылжақпас қалжыңның қоспасы тұншықтырған екі жүзділіктен босағандай сезінген оның аудиториясын толғандырған формула болды.

> Фашистік табиғаты

Дутертенің қырып-жою кампаниясы,

оның мульти таптық негіздегі мобилизациясы және оның билікті біріктіруі Филиппиннің америкалық стилдегі билік пен байлықты бөлу жүйесінің быт-шытын шығарды. Осы билеу ерекшелігі оны фашист етті, бірақ бұл оның қарапайым түрі емес. Егер фашистік билікке жету жолы азаматтық еркіндіктің бұзылуынан басталып, абсолютті билікті басып алып, содан кейін бұзақы репрессияларға ауысса, Дутерте тізбектің орнын ауыстырады да алдымен жаппай қырып-жойып, азаматтық бостандыққа шабуылды азайтып, саяси алаңда мардымды қарсыласты қалдырмай жою алдында шексіз билікке қол жеткізеді.

Дутертенің билікке келуінің тағы бір атап көрсетер ерекшелігі – оның дәстүрлі солшыл саясаткерлерді өз әкімшілігі мен коалициясына қызмет етуге шақыруы, бұл – классикалық фашистік режимде ақылға сыймайтын жағдай. Дутерте солшылдарды өзіне ымырасыз қарсылас көрудің орнына оларды өз бақылауында ұстағысы келеді. Осы тұста, Коммунистік партия мен ұлттық демократиялық майдан жылдар бойы ықпалының әлсіреуін жоққа шығару үшін оның әкімшілігіне қосылуға куана келісер еді.

Сыртқы саясатта тәжірибесі мол болмағанымен, Дутерте филиппин ұлтшылдығын инстинктивті түрде түсіне білді. Филиппинде американизмге жақтас бағыт терең тамыр жайған деп есептелгенімен, АҚШ-тың бұрынғы президентін Дутертенің сот үкімінсіз адам өмірін қию туралы бастамалары және Қытайға жақындық танытуын сынағаны үшін оны «иттің баласы» деп атауы саяси тәуекелге бару болып көрінген. Таң қаларлығы, Дутертенің мұндай қадамдары қарсылық тудырудың орнына ғаламтор қолданушылары арасында зор қолдауға ие болды. Қатардағы филиппиндіктер америкалық дүниетаным және америкалық институттарға таңданыспен қарауы мүмкін, алайда АҚШ-тың Филиппинді отарлық бағындыруы, Вашингтонның тең емес келісімшарттары, «америкалық өмір салтының» басым ықпалы турасында келіспеушіліктер жоқ еместі. «Мойын-дату үшін күрестің» АҚШ пен

>>>

Филиппин қатынастарында маңызды орнын түсіну үшін Гегельдің күрделі бастық-қызметші диалектикасын білудің қажеті жоқ. Солшылдармен салыстырғанда, Дутерте филиппиндіктердің түйсігіндегі осы реніш сезімдерін тиімді пайдалана білді. Әлемнің тарихи сахнасында орын алған авторитарлық көшбасшылар сияқты Дутерте ұлтшылдық пен авторитаризмді тиімді үйлестіре білді.

> Сөз жүзінде - популист, іс-жүзінде - фашист

Сөзінің көбі популистік сипатта болғанымен, Дутерте билік пен байлықты бөлу реформаларында бұқара халықты құрал ретінде пайдалануға ынталы емес. Оған қарағанда классикалық фашистер сияқты таптық шиеленістен жоғары сияқты көріне отырып, таптық күштерді тепе-теңдікте ұстауға ниетті. Өз кампаниясы кезінде Дутерте келісімшарттық еңбекті жоюға, кен байыту жұмыстарын қолға алуға және Маркос режимі кезінде әділетсіздікпен салық жиналған шағын кокос фермаларының мәселесіне бет бұруға уәде берген болатын; алайда, елдің басты элиталары оған одақтасқа айналғаннан кейін сол уәделерінің көбісі іске аспай қалды. Бірақ ұзақ мерзімді перспективада әлеуметтік және экономикалық реформаларды жүргізу оның авторитарлық жобасын қолдауда үлкен ықпал етеді, ал қысқа не орта мерзімді перспективада прогрестің болмауы Дутертенің бұқара алдындағы беделін түсіре алмайды.

Қазіргі уақытта элита және мемлекеттік институттар арасында Дутертеге шақ келер оппозиция жоқ. Сондай-ақ, адам құқығын қорғауда үлкен үлес қосып келген Католик шіркеуінің иерархиясы да ықпалды көшбасшыға бата алмай отыр; Шіркеу ішкі жемқорлық пен отбасын жоспарлаудағы қатал позициясы кесірінен қоғамдық сенімнен айырылған. БАҚ және I-Defend сияқты адам құқығын қорғау топтары ақпараттарына сай, Лейла де Лима және басқа да жеке оппозиционерлер қазір есірткі саудасынан түскен ақшаға байып отыр деген жалған жала

жабылып түрмеге тоғытылған.

> Дутерте, Филиппин қоғамы және әлеуметтану

Дутерте саяси сорақы болуы мүмкін, бірақ оның жеке тұлғасы және оның қайшылықтарға толы әрекеттері әлеуметтік ғалымдар тарапынан зор қызығушылық тудырды. Кейбірі әлеуметтік-тарихи тенденциялар қиылысы мен жеке тұлға сипаттамасы тұрғысында қарастырды. Нью-Йорк Таймс соңғы профайлдарының бірінде жоғары мектеп оқушысы болған кезінде Дутертенің иезуит дін қызметкерінің жыныстық әрекеттерінен зардап шеккені сипатталған, ол туралы Дутертенің өзі 2016 жылғы сайлауалды кампаниясында жария еткен. Кейінірек Лос-Анджелеске жер аударған діни қызметкер бастықтардың тәртіптік жазасын алмаған және заң алдында жауапкершілікке тартылмай (иезуиттер жәбірленушілерге 16 млн АҚШ долларын өтегеніне қарамастан) балаларды жыныстық қорлау әрекеттерін жалғастыра берген. Сонда, балаға көрсетілген психологиялық зардаптың салдарын қазір филиппиндіктер тартып жатыр ма?

Әлеуметтанушылар тарапынан, философ Джон Грей сияқты, «өркениетті өмірдің мызғымас ерекшеліктерінің қас қағым сәтте жойылуын» қалай түсіндіруге болады деген де сұрақтар қоюы мүмкін. Әсіресе, 1986 жылғы ЭДСА көтерілісінен соң Филиппин либералдық демократия көрінісі ретінде сипатталғаннан кейін. Көбі Маркосты тақтан тайдырып, филиппиндіктер жеке бас құқығы, тиісті құқықтық рәсімдер мен демократия сияқты америкалық отарлау кезеңінде игерген құндылықтарды бекітті деп пайымдаған. ЭДСА Республикасының либералды-демократиялық конституциясы осы ұлттық саяси құндылықтарды нақтылағандай көрінді. Алайда, кенет жылға толмайтын уақыт аралығында филиппиндіктердің басым көпшілігі негізгі бағдарламасы белгілі бір адамдар тобын сот шешімінсіз-ақ жазалау болып табылатын адамға қолдау танытты; Көптеген адамдар «ерікті аңшы-баскесер» ретінде Дутертеге қызмет

етті. Мұны Даниел Голдхагеннің нацистік дәуірдегі немістерді «режимге ерікті көмектесушілер» деп сипаттауымен салыстыруға келеді. Көптеген отандастарының Дутертенің қанды кампаниясын қолдауы кейбір сарапшыларға түсініксіз және қайғылы болып көрінеді. Дегенмен, ғадетті зерттейтін ғалымдар пікірінше филиппиндіктерді әу бастан өркениетті немесе қайырымды деп қарастыруды доғару қажет; оның орнына мүмкін қазіргі филиппиндік қоғамды Голдхаген нацистік Германияны қарастырған объективпен қарастырғанымыз жөн шығар:

Бұл кезең бейтаныс жағаға келіп түскен, мүлдем бөлек мәдениетпен кездесуге дайын, жаңа мәдениет құрылымын, ерекшеліктерін, өмір салтын және ұжымдық жобалары мен өнімдерін түсіндіруі үшін өзінің түсінігіне сәйкес келмеуі тіпті қарама-қайшы болуы да мүмкін түсініктерді тұжырымдау керек болатындығын сезінуі қажет антропологтың сыни көзқарасымен түсіндірілуі мүмкін. Бұл көптеген адамдардың өзгелерді таза арымен өлтіретіндігін немесе өлтіргісі келетіндігін түсіндірер еді.

> Салыстырмалы геноцид

Қалай болғанмен, мәйіттер саны артуда. Дутертенің нашақорлықпен күресі 70 жылдары 3 миллион камбоджалықтарды өлтірген, 1965 жылы Сукарно үкіметіне қарсы шыққаны үшін 1 миллион дерлік индонезиялықтарды қырған Пол Потты қоспағанда, Оңтүстік-Шығыс Азияның жаңа тарихында болған геноцидтік кампаниялардың көбісінен артық адамды құрбан етті. Жақында Дутерте елді есірткіден тазалау үшін 20 - 30 мың адам өмірі қажет болуы мүмкіндігін өзіне тән кекесін әзіл араластыра отырып айтты. Көптеген бақылаушылардың санауы бойынша оның ойнап айтқан сандарының өзі шындыққа жетпей қалуы мүмкін. ■

Хаттарды Уолден Беллоға <waldenbello@yahoo.com> жолдауға болады

> Шығанақтағы көші-қонды медициналық қадағалау

Аяз Күреші, Лаһор Басқару ғылымдары университеті, Пәкістан




Пешаварда, шешім қабылдаған мигранттар дәрігерлік скрининг-орталығында кезекте тұр. Суретті түсірген Аяз Күреші.

Соңғы 30 жылда біршама дамушы елдердің азаматтары шетелдерге жұмыс іздеп кетіп жатқанда, Пәкістан азаматтары Парсы шығанағы ынтымақтастық кеңесінің (GCC) елдеріне – Бахрейн, Кувейт, Катар, Оман, Сауд Арабиясы және Біріккен Араб Әмірліктеріне жұмысқа қабылданды. Бірақ GCC визасы мақұлдануы үшін еңбек мигранттары Пәкістаннан жол тартар алдында GCC дәрігерлік скрининг орталықтары ғана беруге құзырлы денсаулық сертификаттарын алулары қажет болды. Ниетті мигранттар аурулары мен деформацияларын тексеру үшін ірі қалаларда орналасқан, сенімділігі жоғары дәрігерлік скрининг орталықтарының табалдырығын тоздыруда. Ешқандай

ауру мен инфекцияның ізі де жоқ кісілер ғана іріктелініп алынады.

GCC елдері мыңдаған ынталы мигранттарды електен өткізіп, оның ішінен тек ғана ең мықтыларын ғана алуға бағытталған әрекеттеріне ешқандай ұялмайтын сияқты. Пәкістан сияқты елдер Шығанақтың қаражат ағыны үшін Үндістан, Шри Ланка және аймақтық гигант Малайзия сияқты көршілерімен бәсекелес болғандықтан, бұл қылықтарына қарсылық көрсете алмайды. Пәкістан үкіметі еңбек мигранттарын мұсылмандық және пәкістандық тегіне берік болу адамгершілік жауапкершілігін алып жүретін бейресми елші деп сипаттай отырып, олардың кері бағыттағы көлемді қаржы аударымдары үшін елге құнды

>>



Пешавардағы дәрігерлік скрининг-орталықта мигранттарға арналған ақпарат. Суретті түсірген Аяз Куреші.

экономикалық көмек деп қолпаштағанымен, GCC елдерінде пәкістандық азаматтар өз елі Пәкістан үшін визалық квота санын арттыруды ғана ойлайтын дипломатиялық миссияларынан қомақты көмекке зәру.

Осындай орталықтарда тәртіп бұзушылық пен немқұрайлылық оқиғалары жеткілікті. Мұндай оқиғалардың басым бөлігі ниетті мигранттарды қанау сезімін байқатып отыр. Шын мәнінде, олардың диагноздары жеке немесе басқа мемлекеттік диагностикалық орталықта жоққа шығарылуы мүмкін, сонда да үкімет олардың тағдырын «жарамды» не «жарамсыз» деп малша бағалайтын жеке бизнеске қалдырып отыр.

Шығанақ тарапынан мақұлданған аймақтық және орталық медициналық орталықтар қауымдастығы өзара бірігіп қуатты картель құрған. Олардың бар ойлағандары өз мүшелерінің мүддесі; таңдау үрдісін монополияға айналдыруда; өзгелерді нарыққа кіргізбей, бәсекелестікке мүмкіндік бермейді; өз мүшелерінің арасында мигранттарды теңдей бөліп, өз мүшелерін «жарамсыз» деп танылған мигранттар легінен туындаған қарсылықтар мен Пәкістан үкіметінің осы үрдісті реттеу әрекеттерінен қорғаштауда. Скрининг стандарттарын Сауд Арабиясындағы GCC хатшылығы бекітеді және скрининг орталықтарының жағдайына, яғни лабораториялық құралдар, кеңсе жағдайы мен қызметкерлеріне де GCC хатшылығы жыл сайынғы тексерісте мониторинг жүргізеді.

АҚШ-қа кіру үшін мигранттар кіреберістегі Эллис және Энджил аралдарында дәрігерлік тексерістен өткен болса, GCC елдеріне бағытталған Пәкістан еңбек мигранттары скринингті Пәкістан жерінде өтуге мәжбүр. Эллис

аралдарындағы тексерістер жабықтығы үшін сынға жиірек ұшырап жүргенімен, Пәкістандағы тексерістер де толық инвазивті болып отыр.

Осы скрининг процестерінен өте алмау сәтсіздігінен қорқатын кейбір ынталы еңбек мигранттары скрининг орталықтарының ішінде жұмыс істейтіндермен байланысы бар (немесе бар деп айтатын) пысықай-қанаушылар қолына түседі. Ал кейбір тіпті осындай бейресми құралдар арқылы да денсаулық сертификатына қол жеткізе алмағандар жер, әуе, теңіз заңсыз миграция қақпанына жиі ұрындыратын миграцияның басқа арналарында бақтарын сынап жатады.

Тіпті қайта-қайта тексеретін қымбат рәсімдерден өтіп, «денсаулығы мүлтіксіз» деген сертификат алғанның өзінде, мигрант Шығанаққа барғаннан кейін де кейбір жағдайда тағы қосымша тексерістен өтуі шарт. Осы соңғы тестті өте алмаған кез-келген жұмысшы үйіне қайтарылады. Шығанақта қалуға рұқсат алғанның өзінде қалуға мүмкіндік беретін жыл сайынғы кешенді медициналық тексерістен өтіп тұруы қажет.

Бір қызығы, GCC елдерінде жұмыс визасын созыру үшін денсаулық жарамдылығын негіздейтін саясатқа сай жылда өтетін медициналық тексеріс нәтижесіне сүйенетін эпидемиологиялық деректер бойынша, мигранттар жұмыс жасап жүрген орындарының кесірінен барған жерлерінде түберкулез және ЖИТС ауруларын жиі жұқтырады. Мысалы, олардың азаматтығы болмағандықтан, экономикалық және мәдени артықшылықтарға иемдене алмайды. Сондықтан ЖИТС инфекциялары жақсы табыс табу үшін жыныстық қызмет көрсету индустриясында еңбек ету мәжбүрлігінен тарайды. ВИЧ инфекциясын жұқтырғандар индивидке және дипломатиялық қызметтерге негізгі себебі түсіндірілместен елден жылдам депортацияланады. Кейбір осындай жұмысшылар «кезектен тыс демалысқа» жіберіледі, оларға өз киімдерін жинауға, өзімен бірге жататын таныстарымен қоштасуға, тіпті паспорттары мен қалған жалақысын алуға мүмкіндік берілмей онсыз да лық толы абақтыларға тоғытылады. Көбі Пәкістанға жеке тұлғасын куәландыратын уақытша паспорттарымен оралып жатты; кейбірі өздерінің Пәкістан азаматы екенін дәлелдеу үшін жергілікті билік тарапынан қысым да көріп жатты, өз басын куәландыру да аз уақытта бітетін шаруа емес, тек отбасы мүшелері тарапынан туысқан деген анықтама арқасында ғана азаматтығы анықталып отырды.

Әлем «дені сау азаматтық» құқығы мәселесі төңірегінде біртіндеп артып отырған қарсылықтармен беттесіп отыр. Өйткені адамдар денсаулық сақтау қызметін қолжетімді етуін талап етіп, медициналық тәсіл қолданудың аяусыз әдістеріне және кейбір тұлғалардың құқықтарын шектеуге қарсы шығуда. Дегенмен, Пәкістанда еңбек мигранттарынан осындай ұжымдық әрекет түріне араласу немесе оны ұйымдастыру белгілері әлі де байқалмайды. Сонымен қатар үкімет GCC елдерімен ауыз жаласуды доғарар емес, ынталы мигранттардың мал сияқты денсаулығына байланысты таңдалуы тоқтатылмады. ■

Хаттарды Аяз Курешиге <ayaz.gureshi@lums.edu.pk> жолдауға болады.

> Экономикалық өмірге қатысу және әйелдерге қатысты зорлық

Нида Кирмани, Лаһор Басқару ғылымдары университеті, Пәкістан



Саудадағы Карачи әйелдері. Суретті түсірген Нид Кирмани.

Даму агенттіктері мен халықаралық қаржы институттары әйелдердің экономикалық өмірге қатысуының артуы — экономиканың күшеюі мен әйелдер позициясының нығаюына қатар ықпал етеді деп мәлімдейді. Оған қоса, экономикалық белсенді әйелдер гендерлік зорлыққа сирек тап болады деген қорытындылар да жиі айтылып жүр.

Менің сондай тұжырымдарды анағұрлым күрделі шынайы өмірде тексеруге бағытталған зерттеуім Карачидің көне жұмысшы табы

орналасқан аймақтарда (Лайари, Пәкістан) жүргізілген болатын. Пәкістанның әйелдердің жұмыс күшіне қатысу коэффициенті олардың 22% ғана ақылы жұмыс істейтіндіктен әлемдегі ең төменгі елдер қатарында. Далалық зерттеуім ұлттық статистиканы растайды, дегенмен Пәкістандағы жұмыс бар әйелдердің басым бөлігі ауыл шаруашылығында, Лайаридің жұмысшы әйелдері көбісі ауқатты отбасылар тұратын аймақтардағы жалақысы аз үй қызметтерінде еңбек етеді немесе мемлекеттік және жеке мектептерде

оқытушы болып қызмет атқарады. Әйелдердің еңбекпен қамтылу дәрежесі төмен болғанымен, алдыңғы ұрпақтармен салыстырғанда, айтарлықтай артық. Алайда, қазіргі неолибералды экономикадағы әйелдерге ұсынылып отырған жұмыстар негізінен жалақысы төмен, қауіпті және заңмен толық реттелмеген.

Дегенмен, «экономикалық белсенді» болу әрдайым «құқықтар мен мүмкіндіктердің артуына» ұласпайды. Нейла Кабир айтқандай, нарық тең емес жалақы және жалдамалы жұмыс тәжірибелері

>>

арқылы гендерлік теңсіздікке жиі жағдай жасайды. Сол сияқты, саясаткерлер экономикалық белсенділік әйелдердің өз кірістерін бақылауға немесе әлеуметтік және заңды қолдауға қол жеткізуіне ықпал етеді, едәуір қаржылық тәуелсіздік әйелдерді ерікті байланыстардан құтылуға мүмкіндік береді деп жатқанымен, шындық әлдеқайда қиын әрі күрделі; әйелдердің экономикалық қатысу нәтижесі, олардың орналасқан жұмысының сипатына, отбасы шеңберіндегі билік қатынастарына және олардың тиісті қауымдастықтар шеңберінде динамикасына байланысты.

Табыс табу әйелдерді гендерлік кемсітуден құтылуға кепілдік бере ме (көптеген оқиғалар жарияланбай қалғанның өзінде Пәкістан әйелдерінің 39% бен 90% арасындағы шамасы зорлық көреді)? Жұмысшы әйелдер мардымсыз жалақы немесе соқыр тиында ұстатпайтын жұмыс берушілердің экономикалық және материалдық қанауына қарсы тұруға анағұрлым қауқарлы ма? Табыс табатын әйелдерде үй шаруашылығы ресурстары немесе өз табысын өзі жұмсау мүмкіндігі арта ма?

Лайари аймағындағы әйелдермен өткізген әңгімелерімнің нәтижесінде әйелдің табысты жұмысы мен отбасындағы зорлық арасындағы кешенді байланысты анықтадым. Кейбір әйелдерге табыс табу қорлық көрген некеден кетуге немесе кету туралы ойлауға мүмкіндік береді. Тіпті табысы бар әйелдер үшін де әлеуметтік қысым ықпалы сақталып отыр, әсіресе мәселе балаларға келгенде, зорлық көрсетуші некені тастап кету өте қиын.

Әйелдердің біразы ақылы жұмыс істеу мен үй шаруашылығын қатар алып жүрудің өзі екі есе қорлық деп біледі: күйеулері үй шаруашылығын толықтай жүргізуін талап етіп, кейде ұрыс шығарып, төбелеске дейін апаратындықтан, ақылы жұмыс кейде үй шаруашылығын жүргізуге қиындық тудырады. Табыстары мардымсыз әйелдердің басым бөлігі жағдайы жетсе, үйде отыратындығын жеткізсе, кейбірі күйеулерінің отбасын қаржылай қамтамасыз ете алмайтындығын алға тартты. Кейбір әйелдердің пікірінше, табыс белгілі бір дәрежеде еркіндік берсе, басқалары аз уақыт болса да үйден тыс болғанды қалайды, көпшілігі жұмыс пен үй шаруашылығын қатар алып жүруді ауыртпалық деп санаған.

Табысы айтарлықтай жоғары, анағұрлым қауіпсіз еңбек түрлерімен қамтылған, бірақ саны саусақпен санарлық әйелдер үшін экономикалық белсенділік - тіршілік қамы емес, өмірлік таңдау мен өз шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыру. Дегенмен бұл да әлеуметтік және психологиялық құрбандықты талап етеді: тұрмыс құрмас бұрын үйден шалғайда жұмыс істеген, ауыл аймақтан шалғайда жоғары табысты жұмыста істеген әйелдер өсек-аяң, мазақтан туындайтын эмоциялық стресске тап болады және күйеуге шығу беделі масқараланады.

Жақсы жағын айтар болсақ, зерттеуім ұрпақаралық өзгерісті көрсетті. Орта жастағы әйелдердің көбі зорлыққа әсіресе сабырлық пен шыдамдылық танытатынын баяндаған. Жасырақ әйелдер қауымы зорлыққа түбегейлі қарсылықтарын

білдіріп, қорлық көрсетуші некені тастап не ата-анасының үйіне, не жаңадан өз өмірін бастағаны абзал дейді. Ажырасу әлі де қоғам тарапынан мақұлданбайтын әрекет ретінде бағалананып, әлеумет әйелдің зорлық көрсетуші болса да отбасында қалғанын қолдағанымен, әйелдер қорлыққа қарсы тұрудың кейбір формулаларын өздеріне бейімдеп алған сыңайлы. Тәуелсіз табысқа қол жеткізу бөлек өмір сүруін толық қамтамасыз етуіне кепілдік етпесе де, қорлық көрсетуші некеден кетуге қолқабыс етеді.

Қорытындылай келе, зерттеуім әйелдердің экономикалық өмірге қатысуы олардың құқықтарының толық қорғалуына кепіл болмай-тынын көрсетеді. Экономикалық белсенділік әйелдің ұжымдық позициясын нығайтқанымен, жұмыспен қамтылмаса, шығын көлемі артылады. Пәкістан әйелдері еңбек нарығына жиі аяқ басуда, бірақ қазір онда жалақысы мардымды және қауіпсіз жұмыс орындары аз. Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін шынымен арттыру үшін еңбекпен қамту құрылымдық өзгерістермен қатар жүзеге асуы қажет: әйелдерге жалақысы жақсы және қауіпсіз жұмыс түрлері қажет, үйдегі және қауымдастықтағы гендерлік билік қатынастары әйел мен ер адам арасында үй шаруашылығы міндеттері тең бөліске қарай жылжып, әйел мобилдігі артып, тәуелсіздік қолжетімді болуы шарт. ■

Хаттарды Нида Кирманиге <nida.kirmani@lums.edu.pk> жолдауға болады.

> Диаспорадағы ажырасу

Кавери Куреши, Лаһор Басқару ғылымдары университеті, Пәкістан



Ұлыбританиядағы пәкістандық үйлену тойы, қалыңдық күйеу жігітті қауіптен күтіп отыр. Суретті түсірген Кавери Куреши.

Отыз сегіз жастағы Сукаина – пәкістандық, Лондон тұрғыны. Он сегіз жасында Ланкаширдегі немере ағасына тұрмысқа шығып, жиырманың бел ортасына қарай үш баланың анасы атанған. Алайда, үшінші баласы дүниеге келмей жатып, оның некесі бұзыла бастады. Күйеуі такси жүргізушісі болып жұмысқа орналасты. Жұмыстың салдары болып табылатын тұрақсыз жұмыс кестесі мен жылжу еркіндігі оның ақ нәсілді британдық қызбен жақын қарым-қатынас орнатуына, ішімдік ішуін қайта бастауына және есірткінің ауыр түрін қолдана бастауына алып

келді. Алты ай шамасында Сукаина некесінде орын алған мәселелер туралы ата-анасына айта алмады, себебі «менің отбасым үшін бұл – орындалған арман еді, мен еріммен отбасын құрдым және біз бақыттымыз, әдемі үш баламыз бар және бұл – керемет. Осылайша, мен олардың жүрегін жаралай алмадым». Ол ата-анасынан көмек сұрағанның өзінде Ланкаширдағы күйеуінің үйін біржолата қалдырып, Лондонға оралуына екі жыл және заңды ажырасуына тағы екі жылдан астам уақыт кетіпті.

Британдық пәкістандықтар, түбі Оңтүстік Азиядан

>>

шыққан басқа да отбасылар сияқты, ұзақ уақыт некесі берік және ажырасу көрсеткіші өте төмен дәстүрлі отбасының қамалы ретінде қарастырылды. Сукаина тағдырына ұқсас жәйттер «мықты отбасылық құндылықтар» туралы қалыпты стереотиптер шырмауында елеусіз қалды. Бөтен адамдар британдық пәкістандық отбасыларды осыған ұқсас терминдермен жиі сипаттайды. 2007 жылы Бирмингемде пәкістандық отбасында екі күн қонақ болған Консерваторлық партия көшбасшысы Дэвид Кэмерон нәсілі азиялық британдықтың отбасын «мықты және ұйымшыл» деп мақтап, «Мен, Ұлы Британия нәсілі осы азиялық британдықтың өмір сүру бейнесімен, керісінше емес, барынша жақын интеграциялануы қажет деп ойладым» деген еді.

1990-шы жылдардың ортасында жүргізілген этникалық азшылықты төртінші ұлттық зерттеу мәліметтерін пайдалана отырып, сандық әдістерді қолданатын әлеуметтанушы Ричард Бертуд Оңтүстік Азиядан шыққан отбасын құрған британдықтар арасындағы ажырасу деңгейі (4%) ересек ақ британдықтардан екі есе (9%) және қара нәсілді карибтік ересектерден төрт есе (18%) кем екенін анықтаған. Бертуд Оңтүстік Азиядан шыққан британдықтарды «артта қалған», «өз қауымының негізі мен дәстүрлерін ұстанатын», индивидуализация ағымына қарсы тұлғалар ретінде қарастырған. Дегенмен, 2010-2013 жылдардағы Ұлыбритания жұмыс күшін әр тоқсанда зерттеу нәтижесіндегі мәліметтерге жүгінсек, қазіргі таңда британдық пәкістандық мұсылмандары мен үнді сикхтары (10%), бангладештік мұсылмандар (8%), үнді мұсылмандары (7%) мен үнді индуистері (6%) ажырасқан. Салыстырар болсақ, некеде болған ақ британдықтардың 20%, қара нәсілді карибтіктердің 27%, аралас некедегілердің 23% некелері ыдыраған. Британияда өмір сүретін басқа ересектермен салыстырғанда, Оңтүстік Азиядан шыққандар некелерінің бұзылуы артқанын көрсететін әлеуметтік зерттеулерді мойындай бермегенімен, пәкістандық және бангладеш мұсылмандары мен үнді сикхтары арасында ажырасу деңгейі жиырма жыл бұрын 1990-шы жылдардың ортасында ақ британдықтар көрсеткен межеге жеткен. Бұл кезеңде Энтони Гидденстің Ұлыбритания «қоғамын бөлетіні және ажырататыны» туралы қауіпі кең талқыға түскен еді.

2005-2007 және 2012-2014 жылдар аралығында Лондонда және Питерборо шағын қаласында жүргізілген этнографиялық зерттеуге жүгіне отырып, неке бұзылуының артуы Пәкістандық диаспорада отбасылық өмірді өзгертіп жатқандығын және қайта неке құруға қарсы ерлер мен одан да көп әйелдер санының артқанын сеніммен айтамын. Сұқбат алған 52 ажырасқандардың 30 зерттеу алаңындағы жұмысымының соңына қарай отбасын құрып үлгерді. Ал жалғыз қалған 22-ден алтауы ғана ер адам еді. Мысалы, Сукаина ажырасқаннан кейін ұзақ жылдар бойы жалғыз болды және солай қалғысы келетіндігін білдірді. Некесі бұзылғаннан кейін Сукаина ұзақ уақыт клиникалық депрессияға ұшырады, бірақ бауырларының қолдауымен ересектерді оқыту курсынан өтіп, оқытушы ассистенті біліктілігін алды және жұмыс жасай бастады. Сенім артып

келген әлеуметтік жәрдемақыларынан да бас тартты. Ата-анасына қамқорлық жасайтын жақсы қыз көзден ғайып болды. Сукаина ата-анасының қайта некеге тұру туралы кеңесін Біраз жыл құлағына да ілмеді. «Алғашында мен ерлерді жек көрдім, расында жек көрдім, олардың түр-әлпеті де, иісі де маған жиіркенішті еді», – дейді ол. Ажырасқан келіншектердің кейбірі қайта тұрмысқа шығуының себебі – балаларын екі ата-анасы да бар «дұрыс» отбасында тәрбиелеу екендігін маған айтқан. Бірақ, Сукаина мен осындай тағы да басқа оқиғаларда әбден мезі болған отбасыға өгей әкені алып келудегі секемі қайта неке құрудан ұстап тұратын мықты фактор.

Ажырасқаннан кейін кейбір ер мен әйелдер неке құрмай өмір сүру туралы шешім қабылдаса, қайта некеге тұратындар арасында өз серіктесін өзі таңдау жиілігі артады. Менің ақпараттандырушыларым сипаттаған 67 алғашқы некенің 58 қарапайым келісіммен құрылған неке болса, тек 9 ғана ғашықтық сезімнен туындаған. Керісінше, маған сипатталған 49 қайта құрылған некенің 20 дәстүрлі келісім арқылы, 9 ғашықтық сезімнің негізіндегі, алайда жастар алдын-ала барлығын жоспарлап, сыртқа дәстүрлі құда түсу ретінде ұсынылған неке және 20 серіктесін өзі еркін таңдаған неке. Осылайша, қайта некелесу неке алдындағы ілтипат білдірумен және тығыз жақындасумен байланысты деуге болады. Сондай-ақ, серіктестерін өздері еркін таңдаған осындай қайта некелесуді ажырасқандардың басым бөлігі қолдайды.

Сукаина басынан өткен жағдай басқа тенденцияны көрсетеді: қайта некелесу нәсілдік, этникалық, қасталық және діни мәселелерді де қозғайды. Он жыл шамасында еш серіктесі болмаған Сукаина ажырасқан үнділік сикх Сахвиндерге ғашық болып қалады. Сахвиндер исламды қабылдауға келісіп, олар ислам әдебі бойынша үйленеді. Некелесу шарасына Сукаина әпке-сіңлілерінің бірі және үш ер-қуәгер қатысады. Осындай ымыралы қарым-қатынасқа қарай жылжу либералды саясатқа бетбұрыс сияқты көрінгенімен, Сукаина көңілі тынышталмады: Сахвиндер исламды шын ниетімен қабылдағандығының белгілерін көрсетпеді және сикхтардың дәстүрлі бас киімін де шешпеді. Нәтижесінде, Сукаина қайта тұрмысқа шыққандығы туралы ата-анасына айтуға бата алмады және «бұл істі» тоқтатқысы келді.

Байқағаным, екінші неке – көбіне тұрақсыз. Қайта некелесіп жатқан 30 респонденттің тоғызы екінші некеде немесе үшінші некеде болды, ал зерттеуімдегі екінші немесе үшінші некедегілердің кейбірі шиеленісті жағдайда болған. Бұл – қайта некелесу мәселесінде ажырасу әлеуметтануының қаншалықты шарасыз екендігін еске салады. Біз тек ажырасу мәселесін ғана емес, бейресми қарым-қатынас пен кейінгі қайта некелесуді де, сонымен қатар, «артта қалған» мәдениет статикалық сипатқа ие тенденциясы байқалатын миграция, трансұлттышылдық пен диаспора тұрғысынан неке нормаларының өзгеруін де зерттеуіміз қажет. Зерттеуім көрсеткендей, бұл өткенде де, осы шақта да қарастырылмаған. ■

Хаттарды Кавери Курешиге <kaveri.qureshi@lums.edu.pk> жолдауға болады.

> Исламофобия

және күн тәртібіндегі британ қауіпсіздігі

Таниа Саид, Лаһор басқару ғылымдары университеті, Пәкістан



Арбұдың иллюстрациясы.

Британ білім беру мекемелері мемлекет қауіпсіздігі мәселесіне жиі тартылып жатыр. 2015 жылы қабылданған Терроризммен күрес және қауіпсіздік заңына сәйкес (CTSA) білім беру мекемелеріне радикалдануы мүмкін «қауіп тобына» кіретін білім алушылар туралы ақпарат беру міндеті «заңмен бекітілген міндет» ретінде жүктеген. «Радикалданудың» белгілері мен нышандарын анықтау өте қиын; «әлсіз студент-мұсылман» деген пікір қалыптасқан. Бұдан өзекті тағы бір мәселе бар, ол – «британдық құндылықтарға» қарама-қайшы келетін идеялар «зорлықты уағыздамайтын» экстремистік ой ретінде қабылданып, көпшілік алдында талқыланбай,

білім беру мекемесінде «жабулы қазан» күйінде қалуы мүмкін.

Терроризммен күрес туралы заң 2005 жылдың 7 шілдесінде Лондонда болған жарылыстан кейін он жыл өткеннен соң қабылданғанмен, басқа антитеррорлық шаралар білім беру мекемелеріне бағытталған еді. Мұсылман студенттер өздерін «күдікті» деп санайтын сезіммен жақсы таныс. Британ үкіметінің баяндамасына сәйкес, «Стратегияның алдын-алу» (2011) қауіпсіздік қызметі қызметкерлері «қауіп тобындағы» студенттерді бақылауда ұстау мақсатында білім беру мекемелерімен жұмыс жасаған. Бірнеше мысал – Лондон университетінің түлегі Омар Фарук Әбділмүтәліб АҚШ-қа бағытталған ұшақты жармақшы болған; басқа экс-студент Рошонар Чудхри Ирак халқы үшін кек аламын деп британ саясаткеріне зақым келтірген. Аталған білім алушылар Ислам мемлекетіне қашып кетіп, білімді мұсылмандарға үлкен сенімсіздік тудырды. Алайда, жаңа заң университет тарапынан болатын бақылауды заңды түрде міндеттеді. Мұсылман студенттермен әріптестік қарым-қатынаста болудың орнына британ саясаты аса жоғары сенімсіздік танытып, оқшаулануда. Мұсылман ер кісі тікелей қауіп төндіруші ретінде, ал мұсылман әйел жәбірленушіден жамылғы бүркенген радикалға дейін қарастырылады.

2010-2012 жылдар аралығында жүргізілген зерттеуде 40 жас мұсылман әйел мен британ университеттері түлектерінің өмірбаяндық әңгімелеріне, олардың исламофобиясы мен Британ мемлекетінің қауіпсіздігі туралы өмірлік тәжірибелеріне талдау жасалды. Британдық мұсылман пәкістандық идентификацияны өте қауіпті деп санаған сол уақытта жүргізілген зерттеуге түбі пәкістандық британ студенттері, Англияда білім алып жатқан пәкістандықтар және «діншілдіктің түрлі деңгейін» білдіретін: бет пердесінен (niqab) бастап, ұзын көйлек (jilbab) киіп, орамалын (hijab) тартқан, дәстүрлі пәкістандық ұзын жейде (kameez) мен шалбар (shalwar) киген және сырттай еш белгісі жоқ мұсылмандықты ұстанатын әйелдер қатысты. Зерттеу негізінен радикалдануға қарсы төтеп бере алмай сынға ұшыраған Ислам студенттерінің қауымдастығы (ISocs) тәжірибесі аясында университеттер қалашықтарында жүргізілді. Сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру қызметкерлері, студенттік одақ өкілдері және ислам студенттік қауым басшыларынан да сұқбат алынды.

>>

Әйелдердің тәжірибесі келбетіне байланысты құбылмалы болды. Niqab-тың өзіне назар аудартқаны таң қаларлық емес; жас келіншектер өздеріне «экстремист» немесе «Усама бен Ладен әйелі» деп айқайлайтыны туралы айтты, мұнда бетперде басқа дін мен идентификацияның маркетіне айналғанын көреміз. Респонденттер көрсеткеніндей, олар нәсілдік негіздегі қорлау нысанына айналды (мақсатты қорлаудан гөрі ауызекі әңгімедегі терминдер көп айтылды), мысалы, «лесбиянка» термині niqab немесе hijab киетін мұсылманды қорлау мақсатында қолданылған. Қорлау не кеміту ретінде қолданылған бұл термин исламофобтың гетеронормативті бейімін көрсетеді, яғни мұсылман әйелі сегрегацияланғандықтан нормадан ауытқыған деп қабылданады. Салыстырмалы түрде, айқын діни идентификаторларды кимейтін мұсылман әйелдері мұсылман еместердің алдында өздерін «жеткілікті деңгейде мұсылман» деп сезінбей, өз сенімдерін ақтаулары қажет деп сезінген. Дегенмен, пәкістандық түр әлпет ар-намыс тапталып, зорлықпен тұрмысқа беруді қолдайтын артта қалған мәдениет құрбаны болған, мәдени тұрғыдан қаналған, білімсіз пәкістандық әйел стереотипін қалыптастырды.

Студенттерге бұл жағдаймен университеттен тыс та, университетаумағында да күресулерін етура келді. Әсіресе, ISocs мүшелері көзге түсті. ISocs ерлері мен әйелдері студенттік шаралар мен белсенділерге сенімсіздікпен қарайтын университет әкімшілігімен ғана емес, өздерін «ұстамды» мұсылманмын деп жариялағандармен де күресті. Респонденттер сипаттағанындай, «ұстамды» мұсылмандар ассоциация арқылы «экстремист» деп танылудан қорқып, ISocs іс-шараларына қатыспаса, ISocs мүшелері болса, оларға террорист деп айдар тағып, арнайы қызметтердің елегінен өткен немесе жасырын тыңшы деп айыптады. Респонденттердің көбі «радикал» деп танылудан қорыққан студенттер саяси кампаниялардан қашқақтап, өздерін-өзі цензуралауға мәжбүр болғанын атап көрсетті.

Пәкістандық-мұсылмандық байланыс тағы бір әлсіздікті анықтады, Пәкістан жерінде жүріп жатқан «терроризмге қарсы соғыс» салдарынан пәкістандық идентификация үлкен сенімсіздік тудырған кезеңде пәкістандық мұсылман гиперсекьюритизацияланған тұлғаға айналды. Кейбір студенттер Пәкістанмен байланысты саяси салдардан қашып құтылғанымен, араб көктемі немесе Палестинаға қатысты оқиғалармен байланыстырудан құтыла алмаған; кейбірі 2005 жылдың 7 шілдесінен кейін орын алған ұлттық тегі туралы өтірікке де сипаттама берді.

Қол жеткізілген нәтижелер түрлі мұсылман қауымы қауіпсіздік дискурсын тек діншілдігінің негізінде емес, этникалық және ұлттық санасы деңгейінде де әртүрлі қабылдауы мүмкін екендігін көрсетті. 2017 жылғы АҚШ президенті Дональд Трамптың жаһандық терроризмге қарсы бағдарлама орталығындағы Сириямен шекаралас аймақтардағы кейбір мұсылман елдеріне шектеу

қоюы - әлеуметтік-саяси тұрғыда өзгеріске ұшырап отырған мұсылмандардың бетпе-бет кездесетін түрлі реакциялардың бірі ғана.

Егер діншілдік деңгейі күнделікті өмірде кездесетін күдіктену мен кемсіту деңгейін анықтаса, зерттеу нәтижелері стереотиптерге қарсы тұру үшін студенттердің ақпараттануды кеңейтуге тырысқанын көрсетті. «Исламтану аптасы» аясында немесе ислам туралы қалыптасқан біржақты пікірді жоюға бағытталған пікірталастарда мұсылман студенттерінің тобы қарым-қатынасты өзгертуге талпынды. Кей студенттер «қалыпты» немесе күнәсіз пайымдау ауыртпалығынан бас тартқанда, қауіпсіздікке қатысты біржақты пікірлерге қарсы күрестегі мұсылман және мұсылман емес студенттердің еңбектерін елеусіз қалдыруға болмайды.

Көп университеттер студенттерге «қамқор болу міндетін» сезінетін, дәлірек айтқанда «сөз еркіндігін» қамтамасыз ету және радикалдану «қауіп тобындағы» кез келген студентті «жарғы міндетімен» таныстыру. Алайда, мұндай «қамқор болу міндеті» күмән тудырады. Мысалы, Стаффордшир университетінің студенті Мұхаммед Омар Фарұқ жағдайында. Ол кітап дүкендеріне сатылымға шығарылған Ризван Сабрдың Әл-Каида басшыларының үгіттеуі туралы жазылған террористік зерттеулері хақындағы оқулығын өз зерттеуі үшін алған, ал университет ұжымы студент туралы билікке хабар берген және осы сияқты билікке дұрыс ақпарат берілмеген мектеп оқушыларының жағдайын айтса болады.

Университеттер әлі де мемлекет қауіпсіздігі мәселесіне тартылатын болады. Жоғары білім беруді қаржыландыру мәселелері бойынша Англия Кеңесінің 2015 жылы қабылданған CTSA шеңберінде «университеттердің заңмен бекітілген міндеттерін» жүзеге асыру стратегиясын қабылдауы - осының айғағы. Зерттеу барысында сұралған мұсылман студенттер үнемі күдіктілер қатарында болмаса, онда қауіпсіздік қызметі қызметкерлерімен сұқбаттасуға дайын екендерін білдірді. Олар британдық жас мұсылмандардың басым бөлігі Ислам мемлекеті сияқты топтарды мойындамайтынына карамастан, қарастырылып отырған мәселенің өзекті және шешімі табылуы тиіс екендігімен келіседі. Расында да, респонденттердің көбі университетте осы үндеуді қабылдауына дайын екендігін көрсетті. Дегенмен, карама-қайшы көзқарастардан қашу, пікірталастың орын алмауы бар және өзіңізді қауіпсіз сезінбейтін мәдениетті нығайтып отырған университеттерде мұсылман студенттер исламофобия мен кемсіту алдында әлсіз атмосферасын қалыптастырып, мұсылман студенттерге қатысты «қамқор болу міндетінде» жағымсыз сипатта қалуы мүмкін, яғни мемлекет қауіпсіздігі аппаратында тағы бір құралға айналу қаупі бар. ■

Хаттарды Тания Саидқа <tania.saeed@lums.edu.pk> жолдауға болады.

> Инфрақұрылым саясаты

Әмен Жаффер, Лаһор Басқару ғылымдары университеті, Пәкістан



Озпақтың қоқыс таситын көлігі осы жерден қоқысты жинағанға дейін қалдық жинаушылар шикізат іздеп табу үшін таласады. Суретті түсірген Хуррама Сиддики.

Жиырмасыншы ғасырдың соңғы онжылдығынан бастап пәкістандық экономика түрлі саяси партия үкіметтері және әскери диктатура қолдау көрсеткен неолибералды экономикалық тәртіпті жекешелендіру және қайта реттеу арқылы өзгертіле бастады. Саяси элита арасындағы ымыраға қарамастан қазіргі Пәкістан мұсылман лигасы – Nawaz (ПМЛ – N) үкіметі инфрақұрылымға назар аударумен ерекшеленеді. 1990-шы жылдардан бастап ПМЛ – N үкіметі «дамушы» инфрақұрылым айналасында өз экономикалық саясаты мен саяси стратегиясын құрастыра бастады және соңғы уақытта үкімет Пәкістан экономикасын бірден көтеретін «ойын алмастырушы» деп баға беретін Қытай-Пәкістан (ҚПЭК) экономикалық бағытына ден қоюда.

Пәкістан үкіметі негізінен Қытай үкіметі несиесі есебінен қаржыландырылатын және жиі қытайлық компаниялар жүзеге асыратын жаңа автокөлік, темір жол мен энергетикалық жобалар шетелдік және жергілікті инвестицияны тартып, пәкістандықтар үшін жаңа жұмыс орындары мен экономикалық мүмкіндіктер ашылатынына уәде береді.

Бірақ 1990-жылдары ПМЛ – N алдыңғы үкіметіне сай салынған Лаһор-Исламабад тас жолын шектеулі қолдануды қосқанда алдында келтірілген мысалдардағы негізсіз дәлелдерге қарамастан, бұл экономикалық стратегия

инфрақұрылымға жұмсалған ірі көлемдегі салымдар экономикалық белсенділікті көтереді деген болжамға негізделген.

Бүкіл әлемдегі тәжірибе негізінде келтірілген дәлелдерге жүгінсек, ірі инфрақұрылымдық жобалар, ең алдымен, шетелдік инвесторлар мен ірі корпорацияларға пайда алып келеді. Мемлекеттік қызметі құлдырап бара жатқан, білім беру мен денсаулық сақтау жүйелері әлемде ең нашар орындарға ие елде қаржы жұмсаудың бұрмаланған басымдықтары халықтың шынайы қажеттілігін елемейді. Инфрақұрылым тұрғысынан да ҚПЭК сияқты жобалар негізінен ірі корпорациялардың инфрақұрылымдық қажеттіліктеріне бағытталып, Пәкістан кедей халқының басым бөлігі жұмыс жасайтын бейресми секторын елемейді және зиянын келтіруде. Бұл Пәкістанның онсыз да үлкен экономикалық теңсіздігін одан әрі тереңдетуде.

Мысалы, Лаһордағы қатты қоқысты басқару жүйесін алайық. 2010 жылы Пенджаб үкіметі Лаһор қоқысын жинауды, транспорттауды және залалсыздандыруды жекешелендірген болатын. Халыққа жария етілген компания – Қоқыс менеджменті Лаһор компаниясы (LWMC). Кейін бұл компания өз операцияларын екі түрік трансұлттық компаниясы – Озпақ және Әлбайраққа өткізді. Ол LWMC компаниясының қоқыс үйіндісіне жиналатын әр бір тонна қоқысқа шамамен 20 АҚШ долларын төледі. Жаңа жолдарды салудың жалғасуы және ескі жол

>>



Қоқыс жинаушылардың қаладан жинаған қалдықтарды сұрыптайтын қонысы. Суретті түсірген Хуррама Сиддики.

жүйелерін кеңейту мен модернизациялау Озпақ және Әлбайрақ операцияларына өте тиімді болды, себебі қайта қалыптасып жатқан жол желісі қоқыс таситын машиналары мен басқа техниканың одан да нәтижелі жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Озпақ пайдалану орталықтарының бірі жақында ғана аяқталған алты жолақты автомагистраль болып табылатын Лаһор айналмалы жолына (LRR) жақын жерде орналасқан. Бірқатар елдімекендерде қалдықтар қоқысты көтеру және нығыздау технологияларымен жабдықталған, негізінен шетелдік қоқыс таситын машиналар көмегімен жиналып транспортталады (тар жолдар үшін компания жергілікті масштабта жинақталған арнайы технологиялармен жабдықталған бірнеше фургонды пайдаланады). «Озпақ» өнеркәсібіне жеткізілген қоқысты механикалық жүк көтергіштер қоқыс тасушы алып машиналарға аударады. Ал олар айналмалы жолда ыңғайлы орналасқан және LPMC тиесілі Лаһор қаласының қоқыс үйіндісіне жеткізіледі. LRR – Озпақтың жанармай, уақыт және жұмыс күшін үнемдейтін операцияның орталық бөлігі.

Озпақтың технологиялық күрделі операциялары қоқыс пен шикізаттық өнімді бүкіл қаладан жаяу, есек арба, велосипед пен мотоцикл арқылы жинап тасымалдайтын қоқысты «бейресми» жинаушылармен қайшылықта болады. Олардың кейбірі аз ғана айлық үшін «есіктен есікке дейін» қоқыс жинаса, енді бірі қайта пайдалануға болатын заттарды іздеумен жол жиегіндегі қоқысты немесе қоқыс контейнерлерін қарайды. «Озпақ» компаниясы қоқыс жинаушыларға өз объектісіне кіруге рұқсат бермегенімен, мемлекеттік қоқыс үйінділері мен жерлерінің басым бөлігі қоқыс жинаушылар үшін ашық, себебі басым бөлігі қайта өңделетін заттарды – шыны ыдыс, қағаз, қатты қағаз, пластмасса және металл – қоқыстан алу және сұрыптаумен айналысып, қара жұмыс жасайды. Кейін осы қосалқы материалдар қайта өңдеумен айналысатын шағын өндіріске сатылады және сұрыпталады. Одан шағын өндірістік кәсіпорындарға сатылып, қолдануға жарайтын затқа айналады.

Дегенмен, олар қиын және қатерлі жағдайларда ауыр жұмыс жасайды, қайта өңдейтін өндіріс іргесі бола тұра қоқыс жинаушылар өте төмен еңбекақы ала отырып,

экономиканың төменгі бөлігінде орналасқан. Өз кәсібіне қатысты әлеуметтік ен салудан және шеттетуден зардап шегуде. Олардың Лаһор әлеуметтік иерархиясындағы ең төменгі топқа жатқызылуы таң қаларлық емес.

Бейнеті қиын адамдарға жаңа азап алып келген Лаһор жол инфрақұрылымының қайта өзгеруі қоқыс жинаушылардың онсыз да аз кірісіне тікелей де, жанама да ықпал етті. Мысалы, Лаһор айналмалы жолы қоқыс жинаушыларға теріс ықпалын тигізді. Біріншіден, олардың негізгі транспорттарына – есек арба мен велосипед – LRR жүруге рұқсат етілмегендіктен, қоқыс жинаушыларды көлігі көбіне шет жолдармен жүруге мәжбүрлейді. Екіншіден, қоқыс жинаушылардың жұмысы LRR қиып өтуді талап етеді. Ал жолды кесіп өтетін жерлер бір-бірінен бірнеше миль алшақ орналасқандықтан, қоқыс жинаушыларға алыс қашықтықты бағындыруға немесе үлкен жылдамдықпен жүретін көлік қозғалысы болатын және ешбір белгі көрсетілмеген жерден жаяу өту арқылы басын тәуекелге тігуге тура келеді. Осылайша, қоқыс жинаушылардың жұмысын жеңілдетудің орнына жаңа магистраль кедергі және жаңа ауыртпашылыққа айналып отыр.


Жанама түрде, LRR қоқыс жинаушы мүддесіне қарсы келетін компания мүдделеріне артықшылық береді. Кей аудандарда үй шаруашылықтары қоқыс жинаушыларға қоқыс жинағаны үшін қаражат төлемейтін болған, себебі қоқыс компаниялары барлық көшелерден қоқыс жинайды. Одан басқа, компаниялардың қоқыс жинау әдістері қоқыс жинаушылар үшін қоқысты қолжетімсіз етуде, яғни олар қоқысты сұрыптау уақытын кемітуде; компания қоқыс жинаушылардың қайта өңдеуін өз операциясын тежейтін кедергі ретінде санайды.

Осылайша, Лаһор жолдарындағы инфрақұрылымдық өзгерістер компанияларға кепілді және жоғары табыс табуға көмектессе, қоқыс жинаушылар жаңа экономикалық кедергілерге жолығуда. Лаһор сияқты ірі және кеңейіп жатқан қалада қоқыс менеджментінің нәтижелі болуы қоқыс таситын машиналарды және онымен байланысты технологияларды қажет еткенде, осы сектор жекешелендірілуі кедей және маргинал азаматтардың өмір сүру мүмкіндіктері мен қаражаттары ескерілмей, уайымдарын көбейтіп жүзеге асырылды.

Қатты қалдықтар менеджменті – Пәкістан теңсіздігін тереңдететін жаңа мемлекеттік инфрақұрылым саласының бірі ғана: экономикалық маргиналданған топтардың жоспарлау мен әзірлеуге қатысу құқықтары жоқ. Дегенмен, оптимизмге негіз бар: кірісі төмен кейбір қауымдар инфрақұрылымды азаматтықтың орталық тірегіне айналдырды. Зерттеуіміз көрсеткендей, осы мобилденудің бірқатарында кірісі төмен аудандар инфрақұрылымының жақсаруын талап еткен қарсы шерулер мен басқа саяси стратегиялар қолданылды. Яғни инфрақұрылымдық жобалар арқылы Пәкістан мемлекеттік ресурстарын корпоративтік мүдделерге бағыттайтын ескі альянстар азаматтар тұрғысынан жаңа саяси мәселелермен бетпе-бет келуі мүмкін. ■

Хаттарды Әмен Жафферге <amen.jaffer@lums.edu.pk> жолдауға болады.

> Зигмунт Бауманның адамгершілік көзқарасы



Зигмунт Бауман.

Поляк әлеуметтанушысы Зигмунт Бауман өзінің тамаша мансабын қазіргі заманның ірі әлеуметтанушыларының бірі ретінде аяқтап, 91 жасында дүниеден өтті. Осындай ірі тұлға өмірі мен жұмысын қорытындылау – өте қиын, алайда, Кейт Тестердің «Академиялық әлемде Зигмунт Бауманға тең келер тұлға болмас. Ол жиырмасыншы ғасыр қасіреттерін басынан толық кешкен Орталық және Шығыс Еуропа зиялылары қатарынан. Басқалар жазып жатқан нәрселерді ол «өмірінде көрген» деген пікірмен толық келісуге болады.

1925 жылы Польшаның Познань қаласында еврей отбасында дүниеге келген Бауман және оның отбасы жаулап алушы нацистік әскерден құтылу мақсатында 1939 жылы Кеңес Одағына қашып келеді. Төрт жылдан кейін Кеңес Одағының поляк әскеріне қосылып, Шығыс майданда соғысады. Жараланғанына қарамастан, 1945 жылы Берлинді алу шайқасына қатысу үшін сапқа қайта оралады.

Соғыстан кейінгі Польшада Бауман қызмет бабымен тез өсіп, әскери капитан және саяси шенеунік болады. Өмірінің осы кезеңінде идеалистік коммунист болғанымен, 1950-ші жылдардың басында антисемиттік тазарту барысында Қарулы күштер қатарынан шығарылғаннан соң партияға деген сенімін жоғалтады. Академиялық жолға түсіп, 1954 жылы Варшава университетінде әлеуметтік ғылымдардан сабақ бере бастайды. Түрлі тақырыптағы мәселелерді қозғай отырып, әлеуметтану саласында керемет мансапқа жетті; 60-шы жылдардың ортасында Варшава университеті жалпы әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі болды.

Дегенмен, Бауманды билік әсіресе, жоспарлау шегі туралы мақаласын қоса алғанда мемлекеттік социалистік қоғам аспектілеріне шүбә келтірген үзінділерді жария еткеннен соң ревизионист маркстіл ретінде қарастырды. Оның жағдайы қауіпті еді және ғалымдар арасындағы 1968 жылғы антисемиттік тазартудан салдарынан бес профессормен бірге Варшава университетінен қуылды. Сол жылы Бауман Польшадан қоныс аударды. Израильдегі, Аустралиядағы және Канададағы бірқатар уақытша академиялық қызметінен соң Ұлыбританияда қоныстанды. 1971 жылдан бастап зейнетке шыққанына дейін Лидс университетінің профессоры қызметін атқарды.

Лидсте нық орныққан Бауман британ әлеуметтануының танымал тұлғасы ретінде өзін көрсете білді. Бірнеше еуропалық тілді меңгергендігі, философиялық және әлеуметтанулық теорияларды жылдам қабылдауы континенттік теорияға қызығушылықты арттыруға көмектесуге дайын екендігін білдірді. 1980-жылдары Бауман сол кезде «постзаманауилық» деп аталған құбылысты зерттеушілердің алыбы есептелетін. Дегенмен, Бауман бейсаясаттылық пен реакциялық зияткерлік құрылым ретінде орнатылатын торға түсу қаупін тез түсіне бастады.

Осындай шектеуші сәтте қалыптасып жатырған қоғамдық тәртіпке сыни қарым-қатынасты қолдау үшін «тұрақсыз модернді» зерттеуге бел буды. 2000 жылы Тұрақсыз модерннен бастап, көпшілікке кең ауқымды неолибералдық жобаны сипаттайтын және ауру мен зақым келтіруге сезімтал маркетинг пен индивидуализацияның ықпалын зерттеді.

Бауманның одан кейінгі еңбектеріндегі негізгі мәселе – заманауилық сипаты. Осы талдауын көрсететін негізгі еңбегі – әлеуметтанудағы жаңашыл жұмыс, барлық марапаттарға лайық және Амальфи сыйлығын алған «Қазіргі заман және Холокост» (1989) зерттеуі. Кітапта заманауи қоғамдарда модерндік жоба аясында «рационалданған», ұйымдастырылған әлеует арқылы

қиянат жасау мүмкіндігінің кең таралуы қарастырылады. Осы сәттен бастап оның барлық еңбегінде ашық адамгершілікке күнә тағу мәселесі көтеріледі.


1993 жылы Постмодерн этикасын жариялағаннан соң Бауман этика әлеуметтануы маңызының артуында ықпалды зерттеушігеі айналды. Кейбірін жеке өзі басынан өткерген жиырмасыншы ғасыр үрейлері тудырған моральды жалпы қабылданған әлеуметтанулық сипаттамаларға қатысты терең скептицизмі оның философ және дін маманы Эммануил Левинастың жұмысына интеллектуалдық тұрғыда тұрақты қатысуына алып келді. Бұл жоба Бауманды мораль феноменологиясы деп атауға болатын саланы дамытуына итермеледі. Мұнда адамгершілік ғадеттің бастауы барлық нәрсенің іргетасы және әлеуметтендіру процесіне дейін де адами болуы керек екені түсіндіріледі.

Этика туралы Бауманның жұмысы қайшылыққа толы және оны әлеуметтанушыларға арналған «үндеу» деп қабылдайды. Алайда, Бауманның институттардың жойқын күші мен адам-агенттердің адамгершілік қабілеттерін шектеу мен жоюға икемділігін әлеуметтанулық әдіс (философиялық емес) арқылы талдауы - тамаша және орынды. Оның еңбегін әлеуметтануды әкімшілік ғылымнан ерікті деп есептейтін әрбір әлеуметтанушы әлі де оқи береді. ■

Питер Макмилор, Манчестер университеті, Ұлыбритания

> Зигмунт Бауман -

скептикалық утопист



Жиыrmасыншы ғасырдағы поляк зиялылары жайлы әңгімені Зигмунт Бауманның өмірбаянынан құрастыру оңай болар еді. Зұлмат соғыстан кейін коммунистік жобаны шабыттана қабылдаған осы ұрпақ тоталитарлық сипаттағы теңдессіз қалпын түсінгенге дейін нақты социализмді орнату жұмыстарына тартылды. Кейін 1989 жылы тап осы зиялылар коммунистік тәртіпті құлатуға да қатысты. Нәтижесінде зиялы қауым өз жеңістеріне масаттана отырып, адамдарды қиындықпен қол жеткізген бостандықты қалай пайдалануға үйретуді де өз мойнына алды.

Бақытқа орай, Зигмунт Бауман осы жағдай негізінде жатқан бағытқа үйлесе қоймайды. Тарихқа қаншалықты зейінді болғанымен, оның негізгі ағымдарына қосыла қоймайды. Өзгерістегі тарих тағылымының сезімталдығына қарамастан, өзіндік қолтаңбасын сақтап қала алды.

Оның бағытын скептикалық утопизм деп анықтауға болады: әлеуметтік тәртіпті талдай отырып, Бауман әрқашан үстемдік құрылымын

қолдау үшін қызмет ететін утопия элементтерін көрсетіп берді, бірақ сонымен қатар утопияның өзіндік сынын кеңейтуге және әлеуметтік өзгерістерді жақтауға үндеп отырды. Бұл бағыттың түп-тамыры Бауманның соғыстан кейінгі Польшада жинақтаған тәжірибесінде жатыр және соңғы еңбектерінде көрініс тапты.

> Сталинизм- біртекті емес тәжірибе

Польшадағы соғыстан кейінгі зиялы қауымның сталинизмге жақындығы туралы үстем пікірді, кейінірек әдебиет бойынша Нобель сыйлығын алған Чеслав Милоштың «Құлдық сана» атты жұмысынан көре аламыз. Кітапта діннен безген және нигилизмге жақын Польшаның білімді топтары көрсетілген. Коммунизм әлемді жан-жақты түсіндіруді және оны қайта қалпына келтіру үмітін ұялататын бос кеңістікті толтырды. Марксизм өте күрделі еді, дегенмен ол саяси биліктің халыққа жақындығын сездіретінін тым сезімтал адамдар санасына сіңдіріп, оларды алдай алмады. Милош жалған діни терминдермен коммунизм мен сталиндік тәжірибелерге жақындығын сипаттап, жас интеллектуалдардың жаңа жүйенің уәделеріне жауап беру ниеттері ретінде түсіндірді.

Тарих сталинизмге терең сіңген, жаңа мәдени элита тәжірибесіне біржақты сәйкес болуы мүмкін, бірақ ол сталинизмге жетелейтін барлық жолдарды түйсінуде қолданыла алмайтыны анық. Зигмунт Бауман және Варшава университетінің маркстіл әлеуметтанушылары, соның ішінде Ежи Виатра, Мария Хиршович, Влодзимеж Весовский және Александра Ясиньска-Каньи үшін аса мәртебелі болған Юлиан Хохфельдке қатысты жағдай біз үшін өте маңызды.

1950 жылдар басында Хохфельд әлеуметтануды буржуазиялық ғылым ретінде социалистік мемлекетте болуы мүмкін емес деп университеттен алып тастауды үндеді. Хохфельдтің

Милоштың сипаттамасына сәйкес болуы міндетті емес еді; Ол – соғысқа дейін қалыптасқан ғалым және Польша социалистік партиясының (ПСП) белсендісі, соғыстан кейін коммунистік режимде тәуелсіз социалистік партияларды басқару мүмкіндігі болады деп сенді. Мәскеуден тәуелсіз партияларды Сталиннің жоймақ жоспарын естігенде, Хохфельд Польша социалистік партиясын Польша коммунистік жұмысшы партиясымен бірігуге шақырды, ақыр соңында 1948 жылы біріккен Польша жұмысшы Партиясы құрылды. Хохфельдтің сталинизмге жақындығы оның идеологиялық талпынысымен емес, саяси іс-әрекет үшін кеңістіктің тарылуына байланысты стратегиялық таңдаумен байланысты болды. Бірақ өзінің саяси іс-әрекетін жаңа партияда жалғастыру туралы ойлары нәтижесіз болып шықты. Парламент мүшесі болғанына қарамастан, ол тезірек маргиналдана түсті, әсіресе 1956 жылдан кейін сталинизм дәуірі аяқталған кезеңде жүйені сынаудағы ғылыми ізденісін жалғастыра берді. Хохфельд социализмдегі оқшаулану тетіктерін талдауға шақырды, парламенттің демократиялық орталықтандыру принципін толықтырудағы рөлін ескеруге ұмтылды, саясатқа бағытталған жалғыз және социалистік академиялық «Әлеуметтік-саяси зерттеулер» (Socio-political studies) журналын шығарды.

Ұстазының тәжірибесі Бауманның шынайы социализмнің нақтылығын түсінуге ықпал етті. Бірақ Бауман «қырғи-қабақ соғыс» кезіндегі социализм және капитализм арасындағы шиеленісте социализм жағында болды. Хохфельд салған ізбен жүре отырып, Бауман екі майданда күрес жүргізді. Ол капитализмді социалистік әлеуметтанушы ретінде сынға алады және социализмге қанағаттанудан бас тартады: кемшіліктерін ескі капиталистік құрылымдар мен әдеттердің тұрақтылығына сүйенбей көрсетеді.

>>

> Социализмнің әлеуметтанулық сыны

Өзінің 1968 жылдарға дейінгі жұмыстарында Бауман капитализм және социализм өнеркәсіптік қоғам ретінде қарастырылады деп жазады. Бұл жаппай өндіріспен, жұмысшы табының жағдайымен және ірі бюрократиялық ұйымдармен сипатталатындығын білдіреді. Осыған сәйкес, социалистік қоғам капиталистік қоғам туралы білімнен толық бас тарту арқылы түсіндірілмейді. Осы кезеңдегі Бауманның жұмыстары социалистік қоғамды талдауда теориялық база құру мақсатында батыс әлеуметтануының ғылыми мұрасын поляк мәдениетіне сыни тұрғыда кіріктіруге талпысымен сипатталады. Әрине, бұл қоғам капитализмнен меншікті ұйымдастыру, иерархия орнату механизмдерімен және социалистік орталық жоспарлау тарапынан емес, капитализмдегі капиталистер тарапынан бақыланып отыратын модернизация идеяларымен ерекшеленеді.

Алайда, темір қамалдың екі жағында да біз биліктің азғындауын, еңбектің оқшаулануын және жеке өмір және ұжымдық өмір арасындағы байланыстардың үзілгендігін байқаймыз. Сол себепті Бауман 1964 жылы өзінің атақты «Күнделікті өмір әлеуметтануы» атты еңбегінде (Кейінірек «Әлеуметтанулық ойлау» негізінде) әлеуметтану осы процестерді бақылап, шешім қабылдайтын тек элита өкілдерімен ғана емес, қарапайым адамдармен де байланыста болуы керек деп көрсетеді.

Көп ұзамай Бауманның өмірлік жолында қауіпке толы жәйт орын алды. 1965 жылы Курон және Модзелевский бірігіп жазған нақты социализмнің ревизионистік сыны болып табылатын «Партияға ашық хаттың» жариялануына байланысты қысымға ұшыраған студенттерді қорғады. Бауман бір партиялық басқаруға қауіпті ретінде күдікке ілінді. Үш жыл өткеннен соң, студенттердің қарсылық шерулерінің заңдылығын іздестіргенде, Бауманның университеттен қуылуы – тыныштықты бұзушылар деп танылғандар мен сионистік ықпалға қарсы күресте «ерліктің» негізгі символына айналды. Басқа да тегі еврей мыңдаған адамдар сияқты Бауман да Польшаны тастап, қуғындағы өмірін бастауға мәжбүр болды.

> Әлеуметтанушының утопиялық рөлі

Бауманның Польшадан қуылуы оның ұзақ уақыт бойы үнсіз болуына алып келді (Польшадағы антисемиттік жағдайларға байланысты тікелей жазбасынан және мәдениет туралы жалпы кітабынан басқа). Оның зерттеу бағдарламасы және сыни әлеуметтанушы ретіндегі келешегі жаңа жағдайларды сынауды қалыптастыру мақсатындағы Бауман-ның алғашқы кітабы «Социализм: белсенді утопияда» айқындалды. Лешек Колаковский және т.б. поляк зиялы қауымының өкілдеріне қарағанда, Бауман анти тоталитаризм пайдасын көздейтін социализмнің утопиялық уәдесін жоққа шығармады.

«Социализм: белсенді утопия» атты еңбегінде Бауман бостандық үшін күрес және әлеуметтік тәртіпті қалыптастырудағы тұлғаның маңыздылығын ескере отырып, заманауи қоғамдық өмірдің ұйымдасуындағы мәдениет рөліне назар аударуға үндеді. Бұл жағдайды түсіну бәрінен бұрын барлық әлеуметтік құбылыстардың өндіріс процестерімен анықталмайтындығын мойындауды көрсетеді, екіншіден басқару және қанаудың барлық түрі меншікке ие болудың теңсіздігімен байланысты емес. Бауман бұл жерде Холокост жайлы айтып отыр. Сонымен қатар заманауи тұтыну қоғамына тән индивидуумға және әлеуметтік өзгерістер үшін күресуші қозғалыстарға баса назар аудару кей кезде бізді екі аса маңызды үстем формаларға қатысты көрсоқыр етеді: орталық және периферия арасындағы жаһандық ассимметрия, сонымен қатар ұлттық мемлекет ішіндегі бай мен кедей арасындағы ассимметрия. Бауманның одан кейінгі жұмыстарын «Социализм: белсенді утопия» кітабында баяндалған жобаның жалғасы деп санауға болады. Оның оқырмандар арасында кең таралған және танымал кітаптарында заманауилық және постмодернизм жайлы утопияға қатысты скептицизм байқалады.

Түсінікті және ашық қоғам құру мүмкін деген сенім таза қоғамның талабына сәйкес еместерге қарсы тарихи тұрғыда мемлекеттің ұйымдастырған күш көрсету көзі болып шықты. Әдетте, заманауи постмодерн қоғамдарда мұндай қауіпті көзқарастар, теріске шығарылады, бірақ бұл заманауи

мәдениет өзегіндегі утопиялық идеялардың жағымсыз салдарына біз назар аудармаймыз деген сөз емес, соның ішінде бүгінгі нарық ұсынып отырған ауқымды мүмкіндіктерді таңдай отырып, индивидтің өзін еркін қалыптастыру туралы сенімі де теріске шығарылмайды. Бауман «Модерн және амбиваленттілікте» утопиялық уәдесінің ұнамдылығын сипаттайды, бірақ ол сонымен қатар сараптауға тәуелді идентификацияны іздеуші субъектінің тұрақты сәйкессіздік сезімі, адал қызметтің болмауы және ақыр соңында, нарық ұсынып отырған нәрселерге басқа индивидтердің ие болуын қоса отырып, тәуекелдерді талқылайды.

Тұтыну қоғамындағы өмірдің жағымсыз салдарын толық көрсету мақсатында, Бауман нақты сол қоғамнан шеттетіліп тасталғандарды көрсетті. Көбіне шеттетілгендер көрінбей қалады, себебі тиімді институттық және символдық құралдар оларды тұтыну тәжірибесінің шекарасынан тыс ұстайды. Олар кедейлер, үйсіздер, иммигранттар және босқындар, Бауман оларды өмірден жоғалғандар деп атайды. Сынның рөлі, оның айтуы бойынша, өмірден шеттетілген адамдарға қамқорлық және құрмет қажет екенін назарымызда ұстауымыз керектігінде. Бізді олармен байланыстыратын қатынастар аластатылғандармен одақ біздің материалдық мүддемізге, саяси артықшылықтарымызға негізделмеуі тиіс. Нақтырақ айтсақ, бұл – барлық адамдардың қауымдасу тәжірибесімен байланысты импульстарға негізделген этикалық тәсіл.

Өзінің міндетін осы утопиялық импульсті ұсынушы ретінде айқындай отырып, Бауман өздерін заңды әлеуметтік өзгерістерден қалыспай жылжуға талпынатын қоғамдардың куәгерлері мен нұсқаушылары ретінде санайтын шығыс еуропалық зиялылардың басым бөлігіне өзін қарсы қойды. Бауман әлеуметтанушылар әлеуметтік өмір динамикасын түсінуі тиіс екеніне қарамастан, қоғамның қалтарысында қалған, адам кейпінен айырылып, депривацияға ұшырағандардың жағында болуы тиіс екенін көрсетті. ■

Мачей Гдула, Варшава университеті, Польша

> Зигмунд Бауманның аруағына



Зигмунт Бауман Петер Бейлхарцпен бірге.
Суретті түсірген Сиан Сапски.

Император қайтыс болғанда аза тұтылады, базбіреулер табалайды. Бұл патшалық ішінде бола ма? Зигмунд Бауман император ма еді? Олай ойламаймын. Ол даңқты да, әйгілі де болған жоқ, тіпті он секундтық үстемдікке де сенімсіз болатын. Өзі айтқандай, түсіну – дәмін татып көрген бөлшектің өлшеміндей болмайды. Ол ебедейсіз еді. Ол инсайдер/ аутсайдер болатын.

Бауманның британдық жұмысшылар қозғалысына арналған ағылшын тіліндегі алғашқы жұмысы 1972 жылы жарық көрді. Эдвард Томпсонның күштеуімен маргиналданып, көптеген жылдар бойы көрінбей немесе сырт қалып жүрді. Өз әріптестері арасында еленбей, кейін

оны банктік мәліметтерді тиісті ретпен жинақтауды емес, теңеулерді талдап «құрастырды» деген айыппен тексеруге жіберді. Сонымен қатар, оның коммунистік өткен өмірі де күдікке ілінді. Оны айыптады. Өз этигондары сахнадан тыс, оларға түскен күн шуағынан алыс болғанын қалады.

Алайда, Бауманды көптеген елдерде өте көп адам оқыды, естіп жүрді, жеке немесе оқулық беттерінде кездесулері де ерекше болатын. Мүмкін бұл қызғаныш болар, бәлкім. Бауман сілтемелерді ысырып қойып, мәселелерге ден қойды. Ол енді кезекке тұрып оқитын әріптестері үшін емес, кәсіби ойыншылар, күнделікті өмірдегі қала маңына қатынайтын жолаушылар үшін жазды. Мәліметтері жиырмасыншы ғасыр мен оның мұрагерлерінің өмірі мен

>>

тәжірибесінен алынған; ол бәрімізді әлемнің мәселелерін жеке өзіміздің мәселелеріміз секілді қабылдауға үндеді. Интеллектуалдардың міндеті - жоқшылық, мәжбүрлі мобилдік пен қайғы қасірет, махаббат, шығын, бейтараптық секілді мәселелермен айналысатындарға жауап емес, керісінше сұрақ.

Тарихты осы жерде айтуым мүмкін еді. Өйткені, егер Бауман мықты әңгіме айтушы болмаса, онда ол, әрине, әңгімелесуші болар еді. 25 жыл бойы Бауманмен Лидсте жыл сайын жолығып тұрдым. Оны соңғы рет 2015 жылы, тоқсан жылдығында көрдім. Оңтүстік Африкадағы Стелленбошта қызмет атқаратынмын. Ол сол Оңтүстік Африкаға біз Кейптаунға кетпей тұрып көне күйе сияқты жетіп келді, Манчестерге бірге ұштық, кейін Лидске Пеннин арқылы пойызбен жеттік. (Мен оның соңғы туған күнін жіберіп алдым, бізді Зигмунд және Янин, сырнайлар туралы әңгімелесуге Чендуға шақырған еді. Қытайлықтар да Бауманға аса қызығушылық танытты).

Қытайға кетер алдымда мен Халықаралық философия журналында (Revue Internationale de Philosophie) Бауманға арнап жазылған мақаламен жұмыс жасадым. Оның жұмысының ең бір қызықты тұсы – 30 жыл өтсе де мен ол қызығушылығынан айрылған емес. Мен Стелленбош университетінің кітапханасынан «Заң шығарушылар және аудармашылар» (Ligislators and Interpreters) (1987) жұмысының бір нұсқасын алғанымда, оның әр бетінде аннотацияның жазылғанын байқадым. Мен қараған келесі жұмыс – «Қазіргі заманауилық» (Liquid Modernity) (2000) 3-Бөлім- «Уақыт/ Кеңістік». Ол – Бауманның Оңтүстік Африкаға, мен тұрған және жұмыс жасаған Сомерсет-Уэстке шын мәнінде бет бұрғанын кітап беттерінен анық көруге болады. Оның тақырыбы қандай? Осы жерде, Оңтүстік Африкада шығармашылықпен қалыпқа келтірілген жабық баспана. Ол тығыз байланыстағы зор жетістігімен мақтанатын Лванда қара кентінен алып бетонды тор көз желіні айыратын N2 күрежолда орналасқан «Мұралар саябағы» деген тамаша атауы бар жоба аяқталмаған күйінде қалып отыр. Бұл жерде біз-қожайынбыз және құлмыз, саяхатшылар және үй-күйсіз жүрген мүсәпір адамбыз; Бауманның кеңістігі Лидстан Оңтүстік Африкаға дейін созылып жатыр.

Ол қабағын түйді де, (өйткені бұл қашан да орынсыз іс болатын) менен кітапты кітапханадан ұрлап алдың

ба деп сұрады. Мен оны уақытша сұрап алғанымды айттым. Осылайша, кітапты бірге қарадық. Бұл – Лаунсвуд саябағында оның достарымен соңғы кездесуі. Сомерсет – Уэсттен ұзақ жол, сонда да, мүмкін оңай емес. Заманауилық өзінің көлеңке жағын қасына алып жүреді.

Басқа істерімнің ішіндегі ерекшелігі бөлек қызметім – Бауманның аудармашысы болғаным. Менің міндетім – жұмысындағы бей-берекетсіздікті тәртіпке келтіру деп ойлайды. Ол өте еңбекқор жазушы болатын; 58-ге жуық ағылшын тілінде кітаптары бар. Бұл – өз заманындағылармен салыстырғанда, өте белсенді жазылып қалдырылған бай мұра. Сол кезді ол «қазіргі заманауилық» деп сипаттап, күнделікті өмірдің мәселелерін жазып қалдырды.

Сондықтан кез-келген жаңа оқырманға айтар кеңесім – Бауманның мәтінінен кез-келген тақырыпты алып, не шығатынын көріңдер. Мүмкін ол Зиммель секілді өмірдің қысқа бөлігін талдаған әлеуметтік импрессионист шығар. Алайда, ол әрдайым Маркске еліктеді, сондықтан қызығушылығы мәдениетке тән қарым-қатынас, оның өндіріс пен бөлінуіне тән теңдей қарым-қатынасы ретінде сипатталар еді. Сонымен қатар, Грамши секілді ол да бізді (адамдарды) қазіргіден де күшті болатын еді деген ойға ешқашан күмән тудырған емес.

Енді бәрі аяқталғанда оның еңбегін қалай сипаттауға болады? Бауманмен бірлесіп жұмыс жасаған кезімде оның еңбегін сипаттауға бірнеше рет талпыныс жасаған едім: заманауилыққа сын-артықшылық ретінде, артық тұрғындар әлеуметтануы, балама модерн теориясы, соның ішінде Германияның ұлтшылы немесе әрекет әлеуметтануы. Анығырақ айтқанда, оны қиял-ғажайыпсыз заманауилыққа сын деп сипаттауға болар еді; шығыс-еуропалық сыни теория және шығыстық теория бұл жерде жартылай мәнге ие; немесе веберлік марксизм. Бұл жерде топтастырылған мәндік сындармен қоса көптеген жобалар бар. Осыдан көп ұзамай оның жұмысы уақыты диагнозы ретінде, уақыттың белгілер сыны, үміт жалғайтын ескертулер топтамасы деп сипатталатын еді.

Ол үлгі бола алды ма? Анық болды, бірақ көшбасшы болған жоқ. Оның үлгісінің негізінде – әр адамның өз жолымен жүруі тиіс деген ой жатыр. Бұл сын әлеуметтануының үмітін сақтап қалудың жалғыз жолы. ■

Питер Бейлхарц, Кертин университеті, Аустралия

> Әлеуметтанулық

емес уақыттағы әлеуметтану

Говард Рамос, Канада әлеуметтану қауымдастығы және Дальхузи университетінің президенті; **Рима Уилкс**, Канада әлеуметтану қауымдастығы және Британиялық Колумбия университетінің сайланған президенті, **Нил Маклафлин**, Макмастер университеті, Канада



Суретті түсірген Ариана Ханемайер.

Соңғы бірнеше жылда әлем нативизм, ксенофобия, Брекситке қол жинау және Дональд Трамп сайлауын бастан кешірді. Бұл оқиғалар шындыққа жанама, жалған жаңалықтар және жеке индивидтерді ірі әлеуметтік мәселелер үшін айыптауларға толы болды. Бастапқыда әлеуметтік мәселелерге өте қарапайым, индивидуалистік баға беру тым жиі орын алып, әлеуметтанушылар да өмір сүріп, еңбек етіп жүрген мәдени ортаға ықпал етті.

Әлемдік көшбасшылар мәселені әлеуметтік тұрғыдан бағалауға жеткілікті назар аудармады. Франция Премьер-министрі Мануэль Вальс, мысалы, әлеуметтануды «ақталу мәдениеті» деп атаса, Канаданың бұрынғы Премьер-министрі Стефан Харпер жергілікті әйелдерге көрсетіліп

отырған зорлық пен терроризмнің түпкі себебі не деген сауалға, әдеттегідей «әлеуметтануды іске асыратын» уақыт емес деп жауап берді. Әлеуметтану едәуір кең тенденциялармен үндес емес екені байқалды.

Көптеген көшбасшылар мен саясаткерлер академиядан тыс өзге де тұлғалармен қатар, әлеуметтану пайдалылығын мойындамаған сыңайлы. Зорлықтың негізі және түпкі себептерін түсіну немесе босқындар, кедейлік және басқа теңсіздік түрлерін туындатып отырған жағдайларды жеңілдету әрекеттері шындап қабылданбады немесе зорлық пен экстремизмге жеңгетайлық деп айыпталды. Осындай көңіл-күй Азия мен Латын Америкасында бірқатар департаменттердің жабылуына әкеліп соқты және пәнді экономика және психология сияқты әлеуметтік

>>

ғылымдарға көмекші құрал ретінде ғана қабылдауды ұсынды.

Алдағы жылдарда әлеуметтану маңызды рөл атқаратынына сеніміміз мол. Әлемдік күрделі мәселелер әлеуметтанулық талдау мен сараптаусыз жүзеге аспайтын ауқымды құрылымдық және тарихи динамиканы талдауды талап етеді.

Алайда, оны тиімді жүзеге асыру үшін пән уақыт талабына сай өзгеруі тиіс. Әлеуметтанушылар жан-жақты болуы шарт. Осы саламен айналысушының өзі ғана емес, оның идеялары, теориялары және тәжірибелері жан-жақты болуы тиіс. Пәннен тыс адамдар әлеуметтануды әлеуметтік мәселелердің тым моралистік, солшыл саясаткерлерге ғана ыңғайлы алдын ала анықталған тұжырымдары ретінде қарастырады.

Консервативті ойлармен қатар өзге пәндерден келетін идеялардан, тәжірибелік және параметристік емес үлгілеу, машиналық оқыту, бейінді жүйелерді үлгілеу, сапалы талдаудың визуалды және интерпретациялық формаларын қолдану сияқты алдыңғы қатарлы әдіснамаға ашық болудан ұтарымыз анық. Осы бағыттағы әрекеттер пәнді жаңа тыңдармандарға жақындатады.

Әлеуметтанушылар өз тұжырымдарымен келіспейтіндермен де санасуы қажет. Әлеуметтанушылар бұлтартпас дәлел ретінде «әлеуметтік құрылымдалған» деген сияқты жабық жаргондар мен социологизмді пайдаланады деп жиі айыпталады. «Элита» деп ерекшеленуден құтылу және қолжетімсіздіктен тыс болу үшін білімімізді академиктерден басқаларға да ұнайтын күнделікті тілге ауыстыруымыз шарт.

Әлеуметтанулық интервенция мүмкіндіктерін тауып, жылдам әрекет етудің де маңызы зор. Әлеуметтанушылар қоғамдағы өзгерісті өнеркәсіптік революция немесе кейінгі бейби бум тәжірибелеріне арналып құрастырылған теориялар арқылы ғана емес, жаңа пайда болып жатқан мәселелерге ден қою негізінде бағамдай алуы керек.

Бүкіл әлемдік қоғамның алдында тұрған таптық теңсіздік, байырғы жергілікті халықпен тіл табысу, деколонизация сияқты ежелгі мәселелермен қатар, пәннің негізгі мәселелерінің қатарынан түсіп қалған климаттық өзгеріске бейімделу, жасанды интеллект пен робототехниканың дамуы, гендерлік және жынысаралық қатынастардағы нормалар мен күтілімдер өзгерісі немесе бүкіл әлемде артып отырған автократия сияқты мәселелер шешімін іздеуіміз қажет.


«Жаһандық диалогтың» осы нөмірінде канадалық әлеуметтанушылар Даниэль Беланд, Фуюки Курасава, Патрисия Ландольт, Шерил Тилуксинг және Карен Фостер әлеуметтанудың мемлекеттік саясат пен білім мобилизациясына ықпалы және сонымен қатар азаматтық пен қоршаған орта қатынасындағы әділетсіздікті түсінуімізде әлеуметтану маңызын көрсетеді. Әлеуметтанушылар тіпті әлеуметтанулық емес уақытта жол көрсетуге мүмкіндігі жетеді, көрсетеді және көрсетуі қажет.

Біліміміздің шексіз еместігін мойындау, келіспейтіндерді құрметтеу, өз қорытындыларымызға таң қалуға ашық болу арқылы әлеуметтанушылар қазіргі уақытта бағдарлану үшін қажет әлеуметтік сауаттылықты дамытуға және әлемнің ең өткір мәселелерінің тұрақты шешімін табуда көмектесе алады. ■

Хаттарды Говард Рамосқа <howard.amos@dal.ca>, Рима Уилкске <wilkesr@mail.ubc.ca> және Нил Маклафлинге <ngmclaughlin@gmail.com> жолдауға болады.

> Қоғамдық саясаттағы әлеуметтану

Дэниел Беланд, Джонсон Шойма атындағы Қоғамдық Саясат Жоғары Мектебі, Канада, Әлеуметтік Қамсыздандыру, Әлеуметтік Саясат және Кедейлік мәселелері бойынша ХӨҚ зерттеу комитетінің (ЗК19) президенті



Томас Пикетти, теңсіздіктің ереуілшіл экономисі — экономистер әлеуметтанулық зейінді ұрлап отыр ма?

25

Көп елдерде әлеуметтану экономикамен салыстырғанда саясат төңірегінен сирек көрінді, оған дәлел — Канаданың бұрынғы Премьер-Министрі Стивен Харпердің «әлеуметтануды іске асыруға» қатысты қарсы іс-әрекеттерге үндеуі. Канадалық саясат мектебінде қызмет істейтін әлеуметтанушы ретінде экономистермен күнделікті тәжірибе алмасып, тығыз байланыстамын. Саяси шеңбердегі ең мәртебелі пәндердің бірі экономикадағы таңқалдыратын нәрсе — күрделі теориялық және әдіснамалық құралдарды қолдана отырып, нақты саяси мәселелерге қатысты ой білдіру қабілеті.

Саясаттың салдарына баса назар аударылған экономиканың әл-ауқаты болғанына қарамастан, бұл пәннің өзіндік теріс жақтары бар. Оның негізі ретінде әлеуметтанушылар және өзге де қоғамтанушы ғалымдардың маңызды деп санаған мәселелерінен бас

тартуы. Сонымен қоса, мемлекеттік саясатқа қатысты пәнаралық диалогты қиындата түсті.

Дегенмен, егер әлеуметтанушылар саясат әлеміне аяқ басқылары келсе, олардың жұмысы саяси пікірталастарда орын тапқанын қаласа, академиялық ортадан тыс жерде, пәнді релевантты етіп жасағылары келсе, экономистерден үлгі алуы тиіс. Әлеуметтанушыларға міндетті түрде өз зерттеу жұмыстарының әлеуетті саяси салдарын анықтап, оны саясаттағы беделді тұлғаларға қалай тарату керектігін айқындау қажет. Осы алға қойылған міндет өте маңызды себебі, әлеуметтанушылар басымдылық танытқан жерде, экономистер зерттеу аймағына жиірек енеді. Кейбір маңызды ерекшеліктерге қарамастан (Канадада әлеуметтік саясатқа қатысты Джон Майлс және иммиграциялық саясатқа қатысты Жерар Бушар мен Виктор Сатцевич туралы әңгіме қозғауға болады), әдетте әлеуметтанушыларды саясатқа қатысты сұрақтарға

>>

келгенде заңды және сенімді дереккөз ретінде қарастыру қиын, тіпті, теңсіздік мәселесін қарастырсақ, зерттеу алаңында таптар, табыс, жыныс және этникалық теңсіздікті қарастырған әлеуметтанушылар басымдық танытып отыр. Осы кезге дейін көптеген атақты (марксистік емес) экономистер теңсіздік мәселесіне назар аудармай келді, себебі, ол неоклассикалық үлгілер шеңберіне кірмейтін. Алайда, соңғы кездері экономистер оның қысқаруына септігін тигізетін нақты саяси ұсыныстар жасай отырып, теңсіздікпен күресе бастады; «XXI ғасырдағы Капитал» (2013) Том Пикетти кітабы бүкіл әлемдегі саяси тұлғалардың назарын аударған болатын. Өйткені, бұл кітапты беделді экономист жазған және саяси шеңбердегі экономика жағдайының басымдылығына байланысты Пикетти еңбегі осы уақытқа дейінгі әлеуметтанушылардың теңсіздік туралы жасаған жұмыстарына қарағанда көпшілік назарына ие болды.

Бұған қарамастан, әлеуметтанушыларға саясатты жақтаушы және шешім қабылдайтын тұлғалармен байланыс жасау үшін міндетті түрде қосымша күш салуы қажет. Әлеуметтанушылар экономистерге қарағанда, теңсіздік мәселесі төңірегінде сыни және тарихи негізделген келешекті ұсынуға бейім (яғни, ғалымдардың биліктегі асимметриялық қарым-қатынастар мен олардың эволюциясын нақты саясат бөліктерінде талқылауы), сол себепті теңсіздікке қатысты пікірталастарда олардың ерекше үні саяси алаңда естілгені маңызды. Кең мағынада, егер әлеуметтанушылар қоршаған әлемді құруда ерекше рөлді иемденгісі келсе, теңсіздік мәселесіне қатысты және одан тыс, қолданбалы стратегиялық жұмыстарды пән аясында талдау деңгейін жоғары деңгейге шығару керек.

Егер біз саясатпен айналысатын адамдармен біріге отырып, саясат туралы нақты ұсыныстар жасап үйренсек, оларға релевантты әлеуметтанудың бүгінгі таңдағы негізгі мәселелермен айналысатынын көрсете аламыз. Әлеуметтанушыларға экономистермен қарым-қатынас ұстаған жөн себебі, олар қазіргі уақыттағы кез келген мәселенің практикалық шешімін ұсынуға даяр. Теңсіздік мәселесі төңірегінде жұмыс істейтін әлеуметтанушыларға өзінің ұсыныстарының саяси мәтініне (Егде кісілер үшін Канаданың кепілді табыстар Қосымшасы және елдегі теңестірудің федералды жүйесі сияқты өзекті бағдарламалар), сонымен қатар шешім қабылдаушы тұлғалар мен экономистер баса назар аударатын қаржыландыру мен нығайту мәселелеріне мұқият талдау жасау керек.

Әлеуметтанушылар басымдық танытып отырған екінші зерттеу алаңы – сәйкестендіруді қалыптастыру мен нормаларды талдауға экономистердің де қатысы

бар. Алайда, Пикетти әлеуметтік теңсіздік туралы пікірталастарда экономиканың жаңа келбеті бола алады. Экономикадан Нобель сыйлығының иегері Джордж Акерлофф пен оның әріптесі Рэйчел Крантон Identity Economics (2010) тарландары. Экономикалық сәйкестілік мәдени нормаларды зерттеуге бағытталған (гендерлік қарым-қатынастар және балалар мен үлкен кісілерді емдеу секілді мәселелер және әлеуметтанумен пән ретінде байланысты осы екі мәселе адамның мінез-құлқын қалай қалыптастыратынын қарастырады.

Пикеттидің жұмыстары академиялық ортадан тыс жерлерде онша танымал емес. Экономикалық сәйкестендірудің пайда болуы айтарлықтай оқиға болды, себебі, әлеуметтік теңсіздікке қарағанда нормалар мен сәйкестендіру тарихи тұрғыдан экономистер тарапынан ескерілмеді. Пәнаралық көзқарас тұрғысынан бұл – жақсы жаңалық, себебі, кейбір экономистердің ақыр соңында нормалар мен ерекшелікті анықтауы, кең пәнаралық диалогқа әкелуі әбден мүмкін. Әлеуметтанушылардың назарына Акерлофф пен Крантонның еңбегі, осы мәселе төңірегінде жұмыс жасап жатырған ғалымдардың саясат туралы бірқатар мәселелерге айқын шешімдерді ұсына алатынын көрсетеді. Мәселен, жастардың ересектермен қарым-қатынасы барысында өздерін қалай көретінін зерттеу, білім деңгейін жақсартып немесе есірткіге қарсы тиімді саясатты тұжырымдауға септігін тигізеді. Әлеуметтанушылар бұрын ұқсас саяси шешімдерді ұсынған болу керек, бірақ сәйкестендіруші экономика әлеуметтік нормалар мен сәйкестендірудің саяси зерттеулердегі маңызды мәселелерінің бірі екенін есімізге салады. Мұны түйсінуге тақырып төңірегінде жұмыс істейтін әлеуметтанушыларды эмпириялық талдауларынан негіз алатын жаңа саяси шешімдерді ойлап тауып, жетілдіруін қарастырады.

Бұл мысалдар, экономистердің негізінен, әлеуметтанушылар ұзақ уақыт бойы зерттеп келе жатқан маңызды әлеуметтік құбылыстарға назар аударатынын көрсетеді. Сонымен қатар, пәнаралық серіктестікке арналған жаңа мүмкіндіктер, жағдайды өзгертуге құштар, осы салада жұмыс істейтін әлеуметтанушыларға қатысты мәселелерді алға тартып отыр. Әлеуметтанушылар мен олардың серіктестері академиялық ортадан тыс жерлерде саяси мәселелерге қатысты ұсыныстарын дамыту үшін пәннің аясында өз ойынын құру тиіс. Олар қарапайым азаматтармен, адвокаттармен, шешім қабылдаушы тұлғалармен байланыс орнату үшін дәстүрлі және әлеуметтік медианы да қолдануы тиіс. ■

Хаттарды Дэниел Беландқа <daniel.beland@usask.ca> жолдауға болады.

> Канададағы азаматтығы жоқ сенімсіздер

Патрисия Ландольт, Торонто университеті, Канада, көші-қон әлеуметтануы бойынша ХӘҚ зерттеу комитетінің мүшесі (ЗКЗ1)

Әзекті әлеуметтік мәселелерді зерделеуде ақылға қонымды тұжырымдарды ұсына алу қабілетінің болуына байланысты әлеуметтану қоғамдық пікірталастарда шешуші дауысқа иелігін сақтап отыр. Мысалы, миграция және иммиграция мәселелерін қарастырайық. Канадада да, басқа қабылдаушы елдердегі сияқты иммиграция елдің ұлттық тұрғындарының санын арттыру мақсатында тұрақты мекен-жайға қоныс аудару ретінде қабылданады. Дегенмен, көші-қон әлеуметтануы уақытша миграцияның артқанын көрсетіп отыр, миграцияны ынталандыратын саясат болса, өз кезегінде тұрақсыз азаматтықтың болмауын тудыруда. Әлеуметтанулық көзқарас бүгінгі иммиграциялық жүйенің және оның әлеуметтік теңсіздікке ықпалын түсіндіретін үстем тұжырымға қарсы өзіндік сипат алып отыр.

Жаһандық деңгейде құқықтық мәртебе және азаматтық – игілік пен мобилдіктің сыни факторы. Бірақ, олар да теңсіздікке алып келеді. Соңғы жылдары мемлекет жаһандық миграцияның өсуіне азаматтығы жоқтарға жаңа құқықтық категорияларды тағайындау, азаматтықтың болмауының рұқсат етілген траекторияларын заңдастыру арқылы ықпал етіп отыр, бұл жағдай нәтижесінде біршама жылдар бойы мигранттардың құқықтық мәртебесінің беймәлім болуына және олардың заңсыз әрекетке баруына итермелеуде. Азаматтық алу жолдары шектеулі бола түсуде, оның үстіне дәл осы кезде мигранттарды ұстау және депортацияның құқықтық емес жүйесінің таралуы кең таралуда. Бұл жаһандық өзгеріс әртүрлі жағдайда орын алып отыр, бірақ Канадада уақытша және тұрақты иммиграция арасындағы арақатынастардың өзгерісі иммиграция, еңбек нарығы және жұмыс тәжірибесінде көрініс тапқан азаматтықтығы жоқ топтардың қалыптасуына мұрындық болды.

Тұрақты азаматтықтың болмауы дифференциациялық кірігу тәжірибесімен байланысты уақытша және шектеулі құқықтық статусты қалыптастырады.

Стандартты емес құқықтық статус адамның сол елде мемлекеттік құқықтарға шектеулі немесе тіпті қол жеткізе алмайтын тек уақытша құқыққа ие екендігін білдіреді. Азамат еместер кез-келген уақытта елден шығарылуы мүмкін; мемлекет күшпен ұлттық аумақта азамат еместерді ұстайды және шығарып жібереді.

Стандартты емес азаматтығы жоқтар ел аумағында болу, жұмыс және мемлекеттік ресурстарға қолжетімділік заңмен шектелген елде тұрады, еңбек етеді, оқиды және өз отбасын тәрбиелейді. Канадада тұрақсыз құқықтық мәртебесі бар тұрғындардың қатарында: уақытша жұмысшы–мигранттардың барлық категориялары, шетелдік студенттер және босқын мәртебесін сұраушы, ерекше визалары бар тұлғалар және статусы жоқтар. 2010 жылы 311 миллион халқы бар Канадада 1,2-1,7 миллион азаматтығы жоқтар өмір сүрді және жұмыс істеді.

Канадада екі миграция арнасы арасында үнемі карама-қайшылық болып отырады: біріншісі арнаға халық санының өсуін ұзақ мерзімде қамтамасыз ету мақсатында шақырылатындар, ал екінші топқа иммигранттарды қысқа мерзімге жұмыс күші ретінде шақыру жатады. Иммиграцияның ұзақ және қысқа мерзімді мақсаттары арасындағы тарихи баланс екі құрылымды иммиграциялық жүйе көмегімен шешімін тапты. Бірінші арна жұмысқа қатысты, өз отбасын алып келу мүмкіндіктеріне байланысты неғұрлым шектелген және Канадада қалу мүмкіндігі қаншалықты екеніне байланысты уақытша мигранттарды қамтыды. Осы топқа жататындар: 1880-жылдары темір жолда жұмыс жасау үшін қоныс аударған қытай ер азаматтары, 1950-жылдары үй қызметшісі ретінде елге келген кариб әйелдері, 1970-жылдары маусымдық ауыл шаруашылығы жұмысына келген мексикалықтар. Иммигранттардың екінші тобын білімі негізінде ресми тілді игеру деңгейі және отбасылық байланыстарына қарап федералды ұпайлар жүйесі бойынша іріктеліп, тұрақты мекен-жайға қоныс аударғандар құрайды. 90-жылдарға дейін

“азаматтығы жоқ әлжуаз топ Канаданың әлеуметтік және экономикалық тінімен біте қайнасқан”

иммиграцияның бұл екі каналы ұйымдасқан және дискурстық болып бөлінген еді. Азаматтығы жоқтар және уақытша жұмысшылардан тұратын бірінші топ көрінбеуге тырысатын, ал толыққанды азаматтығы бар иммигранттардан тұратын екінші топ белсендірек келетін. Бұл топ иммиграцияның канадалық үлгісінің өзегінде орналасты.

2000-жылдары негізінде миграцияның екі бағыттық жүйесі негізінде құралған федералды иммиграциялық саясат өзінің қызметін тоқтатты. Біріншіден, тәуелсіз білікті иммигранттарды іріктеп алу критерийлері ауқатты, неғұрлым білім деңгейі жоғары және мемлекеттік тілді игеру көрсеткіштері анағұрлым жақсы адамдарды таңдау мақсатында ықшамдалды. Үшіншіден, уақытша шетелдік жұмысшылардың іскерлігіне қойылатын талаптар жеңілдетілді, бұл мигранттардың екі категориясының қалыптасуына алып келді: жоғары білікті және біліктілігі төмен мамандар. Сонымен, кейбір уақытша мигранттарға тұрақты мекен-жайға ықтиярхат алуға, мүмкіндік беретін жаңа механизмдер жасалды. Уақытша иммигрант статусын тұрақтыға өзгерту туралы шешімді негізінен жұмыс берушілер қабылдады. Мұның барлығы тікелей және тұрақты иммиграция ағынының азаюына және уақытша иммиграция ағынының кеңеюіне алып келді, кейбір уақытша мигранттарға өз статусын тұрақты иммигрантқа ауыстыруға жаңа механизмдер қарастырылды. Нәтижесінде Канадаға уақытша келудің саны тұрақты келудің санынан артты. Уақытша және тұрақты миграция арасындағы жаңа жағдайлар Канададағы жұмыс пен еңбек нарығына ықпал етіп отыр. Себебі, тұрақсыз статусы бар жұмысшылар экономикалық ландшафттың жаңа, неғұрлым көзге түсетін элементі. 1990 жылдарға дейін уақытша жұмысшы-мигранттар маусымдық агроөнеркәсіптік өндірісте, біліктілігі жоғары дәрежелі қалалық қызмет көрсету саласында шоғырланды, үй қызметкерлері болды, дегенмен, бұл

жағдай өзгерді. 2011 жылы уақытша жұмыскерлер әрбір провинцияда және елдің барлық аумағында, ірі және шағын қалаларда, ауылдық жерлерде орналасты. Осы географиялық диффузиямен қатар кәсіби дисперсия және төмендеу пайда болды. 2005 жылы уақытша шетелдік жұмысшылар айналысқан бес жетекші кәсіп жоғары білікті деп танылды және негізінен шығармашылық салаларда шоғырланды. 2008 жылы төмен жалақысы бар жұмыстың негізгі түрлері құрылыс және қоғамдық тамақтану саласында орын алды.

Азаматтығы бар немесе жоқ, статусы тұрақсыз жұмыс істейтіндер мемлекет пен жұмыс берушілерге қатысты әртүрлі құқықтары барлар бүгінгі күні Канаданың барлық жерінде жұмыс жасайды. Алайда, аралас құқықтық статусы бар осы жұмыс туралы біз өте аз білеміз. Басқа елдерден түскен мәліметтер еңбек нормалары мен еңбек жағдайының тығырыққа тіреліп отырғанын көрсетеді.

Азаматтықтың болмауы жұмыс істейтіндер, жұмыс берушілер және мемлекет арасындағы күштің арасалмағын өзгертеді, сондай-ақ азаматтар мен азамат еместер арасындағы депортациялану ықтималдылығы азамат еместердің еңбек нарығында өз құқықтарын білдіруі мүмкіндіктерін шектейді. Әрине, азаматтар мен депортацияланатын азамат еместер арасындағы айырмашылық осыдан 100 жыл бұрын да бүгінгідей болатын. Бұрынғы және қазіргі Канада арасындағы ерекшелік – зардап шеккен адамдар санының өсуі, екі арналы иммиграция жүйесінің өзгерістерін және Канаданың әлеуметтік-экономикалық құрылымына азамат еместерді енгізу нәтижесімен қосқанда азаматтықтың болмауының орталықтануымен айқындалады. ■

Хаттарды Патрисия Ландольтқа <landolt@utsc.utoronto.ca> жолдауға болады.

> Экологиялық әділеттіліктегі әлеуметтанудың жауапкершілігі

Шерил Тилуксинг, Райерсон университеті, Канада



Демонстранттар Нью-Брансуикада тақтатас газын барлауға қарсы шеру өткізуде, Канада.

Нәсілшілдік пен нативизмнің бүкіл әлемде өршіп отырғанына қарамастан осы құбылыс Торонтоны айналып өткенгенге ұқсайды. Бұл таңғаларлық жағдай, себебі Торонто – әлемдегі ең көпұлтты қалалардың бірі бола отырып, басқа қалалар сияқты ұнамды және ұнамсыз қырлары бар қала.

Соңғы жылдары әлем бойынша қаладағы наразылық шерулерінің саны артты, бұл Торонтода да байқалды. 2016 жылғы америкалық сайлау нәтижелеріне қарсы шерулер; Флинтадағы су дағдарысы құрбандарының шеруі, Солтүстік Дакотадағы Стоунрок су құбырларына қарсы байырғы тұрғындар бастаған жаппай қарсылықтар; постнәсілдік шешімдерге қарсы «Қара өмірлердің мәні бар» қозғалысының үндеулері. Осы аталған шерулердің әрқайсысы, 2000 жылдардағы (2000 жылдардағы ұрпақты миллениалс деп атайды) ұрпақтың әлеуметтік желілердегі және көшедегі шерулерінің үлгісі болып табылады.

Осыған ұқсас қысым және мобилизация Торонтода да пайда болды, тұрғындардың басым бөлігі – бірінші ұрпақтағы қалалықтар, олардың көпшілігіне нәсілшілдік көзқарастар

тән. Кейбіреулер үшін мәдени мультикультуралистімен атағы шыққан қалада нәсілшілдік шиеленістер санының артуы таң қаларлық жәйт болды. Торонтодағы «Қара өмірлердің мәні бар» қозғалысы полиция қызметкерлері тарапынан болатын күш көрсетуге қатысты қарсылық ретінде гей парадты тоқтатты, ал тамилдік босқындар негізгі автомагистраль жолын бөгепп тастады, нәсілдік сегрегация әлеуметтік және кеңістіктік мәні бар екендігін, нәсілшілдік кемсітуге ұшырайтындар қала маңында шоғырланғанын тұрғындардың есіне салды.

Бұл құбылыстарды белсенділік немесе араласудың түрлі қалыптарына алып келетін, саяси және экономикалық шиеленіс ретінде қараудың орнына, саяси реформаларды талап ету үшін әлеуметтанушылар белсенділіктің, іс-қимыл мен түйткілдер арасындағы байланысты көруі аса маңызды. Экологиялық әділеттілік осы мақсатқа жету үшін әлеуметтануға қалқан болуға қабілетті деген ойдан таймаймын.

Экологиялық әділеттілік - әлеуметтік әділеттіліктің экологиялық қозғалыстар мәселелерін біріктіруге тырысатын

әрі әлеуметтік қозғалыс, әрі теориялық негіз. Консервативизммен байланысты дәстүрлі және бір-бірінен ерекше ұғымдарды кеңейте отырып, экологияға жан-жақты көзқарасқа қарай қадам басып, экологиялық әділеттілік денсаулық сақтау, тұрғын үй және қалалық жоспарлаудан полиция қызметіне дейінгі әлеуметтік және экологиялық мәселелердің кең ауқымын біріктіруге мүмкіндік береді.

Экологиялық әділеттілік белсенділікке қатысты тәсіл ретінде, азаматтық құқық қозғалыстарымен байланысты блокада, петиция және БАҚ-тағы компаниялар сияқты қарсылық стратегиясына негізделеді де әлеуметтік және экологиялық саясаттағы белсенді күрес үшін жүргізіледі.

Экологиялық әділеттілік негізінде Роберт Буллардтың идеясы жатыр, ол – бүгінгі күні өзара байланысқан әлеуметтік, саяси, экономикалық және экологиялық мәселелерді шешуде өзекті және негізгі әлеуметтік бағытталған әлеуметтанудың үлгісі.

Бастапқыда экологиялық әділеттілік идеялары, маргинальданған, ақ нәсілді емес, кедей және байырғы халық үшін экологиялық тәуекелдердің кеңістіктік теңсіздігіне қарсы бағытталды. Канадада ол отарлық кезеңнен мұраға қалған кедей инфрақұрылым және сол жердегі байырғы халықтың жер мен ресурстарға қатысты маңызды мәселелерін шешуге кеңес беретін орындардың жоқтығымен байланысты болды. Осыған байланысты жер құқығы, денсаулық және экожүйелердегі тәуекелге қатысты жаппай алаңдаушылық, әлеуметтік әділеттілік мәселелерін тұрғылықты халықтың Алберта құмындағы мұнай өндіруге қатысты шерулерімен және Дакотадағы Стоун-рок мұнай құбырына қарсылықтарымен байланыстыруға мүмкіндік берді.

Торонтоны қоса алғанда қалалардағы экологиялық әділеттілік талаптары, қаланың біркелкі дамымауына қатысты шешімдердің және статус-квоға күмәннің қалыптасуына алып келді. Осындай оқиғалар кірісі төмен байырғы қауымдастықтарды қаржыландыруды қысқартумен байланысты, бұл «жасыл» кеңістік көлемінің азаюын және дұрыс тамақтану мүмкіндігінің төмендеуін, қолжетімді баспананың болмауын, қоғамдық көлікке қолжетімділіктің шектелуін, полицейлік және әлеуметтік стигмаларды арттырады.

Канадалық экологиялық әлеуметтанушылар, басқа мемлекеттердегі сияқты, табиғатты қорғайтын үкіметтік емес ұйымдарды, БАҚ-ты және үкіметтің канадалықтардың әлжуаз топтарының қажеттіліктерін қанағаттандыратын саясатты қалай қалыптастыратынын зерттейді. Олардың әрекеті талдау жасау барысында экологиялық әділетсіздікті байқауға мүмкіндік береді, яғни біз нақты кім нені қалай алғанын сараптаймыз.

Ресурстарға және билікке қолжетімділікке теңсіздік саналуан заманауи активизм қозғалыстарымен қиылысып жатады. Торонтода және бүкіл әлемде ақ нәсілді халық экономикалық, әлеуметтік және экологиялық артықшылықтарымен сипатталады. Шешім қабылдаудың тарихи үлгілері қалыптасқан күштеу құрылымдарын күшейтті және статус-квоны сақтап қалды, жағдайы жақсы тұрғын алаптары даму үстінде, ал кедей аудандар одан сайын құлдырай түсуде.

Осы жақында Торонтода экологиялық әділеттілік идеялары Альбертадағы битумді құмның лас қалдықтарына қарсы және жаһандану процесіндегі тереңдей түскен теңсіздікке қатысты қарсылықтарда қолданылды. Трансұлттық корпорациялардың өндірістік әлеуеттерін жалақысы аз, ал табиғатты қорғаушы нормалары аса қатал емес нашар дамыған елдерге аударып бастауына байланысты, жаһандану кедейлерді және нәсілдік тұрғыда осал топты жергілікті деңгейде де, жаһандық деңгейде де жұмыс орындарында, үйде және қауымдастықтарда экологиялық әлжуаз топтармен байланыстырады. Ауа райындағы өзгерістер - экологиялық әділеттілікпен айналысатын әлеуметтанушылар үшін жаһандық мәселе. Канадада экологиялық саясат экономикалық драйвер ретінде жерден алынатын шикізатқа байланысты болады, сол себепті негізгі бенефициарлар үшін ауа райы өзгерісі немесе құбырлардың кеңейтілу мәселесі әрі қашықта, әрі басқарылатын болып саналады. Ал нашар дамыған елдерде бұл көбіне табиғи апаттармен, тым кедей инфрақұрылыммен, жағалауға орналасқан ірі қоныстармен, балық аулау мен натуралды шаруашылыққа көбірек тәуелді болумен байланысты, көмірсутектер қалдықтарының тікелей қатысы жоқ. Осыған орай, Канадада жаһандық салдар тұрғысында энергетика саласындағы жергілікті шешім қабылдауда өзекті тұстар бар.

Осы мысалдардың барлығы дағдарысты және шиеленісті жағдайларда экологиялық әділеттіліктің негізгі үш аспектісінің бар екендігін «жауапты әлеуметтануға» жеткізеді.

Біріншіден, әлеуметтанушылар пәнаралық тәсілдерге ашық болуы керек. Экологиялық әділеттілік идеясы сапалы, сандық, кеңістіктік және құқықтық әдістерге, сондай-ақ географияның, құқықтың, қалалық жоспарлаудың, қоғамдық денсаулық пен әлеуметтанудың теориялық ұстанымдарына негізделеді. Экологиялық әділеттілік саласындағы кейбір зерттеулер экологиялық тәуекелдерден, нәсілшілдіктен және басқа да назардан тыс қалатын жағдайлардан зардап шеккендерді талдауды және олардың тәжірибесін қамтыды. Бұл жасырын нарративтер - өзгерістер процесін зерттеу үшін бастапқы нүкте.

Екіншіден, әлеуметтанушылар мемлекеттік және жеке субъектілер тарапынан әлеуметтік және экологиялық реформаларды қолдауы қажет. Әлеуметтік және экологиялық мәселелерді түсіну үнемі дамуда, ауа райы өзгерісімен байланысты медициналық, экономикалық және экологиялық тәуекелдер ықпалын сезінетін халықтың әлсіз бөлігін қорғау үшін жергілікті және жаһандық деңгейде де мәселенің шешімін табуға араласу талабы қойылады.

Ақыр соңында, саясаттың жүзеге асырылғанынан басқа, әлеуметтанушылардың әлжуаз қауымдастықтар көзқарасы тұрғысынан жаңа саясатты мониторинг және бағалау жасауы – пәнаралық ұстанымды қолдану міндетінің табысы. Экологиялық әділеттіліктің объективтілігін пайдалана отырып, әлеуметтанушылар қоғамға саясат пен әділетті әлем құру арасындағы өзарабайланысты нығайтуға көмектесе алады. ■

Хаттарды Шерил Тилуксингке <teeluck@arts.ryerson.ca> жолдауға болады.

> Өзгелердей уақыт

аясындағы әлеуметтану (ешқашан толық емес)

Карэн Фостер, Далхаузи университеті, Канада



Галифакстағы белгі салынған үй, Жаңа Шотландия, Канада, 2017, ақпан. Суретті түсірген Карен Фостер.

Біз болжағандай, көп адамдар үшін 2016 жыл ақырзаман болды. Брексит бойынша дауыс беру нәтижелеріне популистік сипаттағы қарсылық, Трамптың сайлаудағы жеңісі, Филиппин президенті Дутергенің жазасы, авторитарлық үкіметтер мен саяси партиялардың қайта жандануы – осының барлығы неолибералдық демократиялық капиталистік тәртіпті есеңгіретіп тастады. Саяси ағымдармен қатар осы көзқарастардың кейбіреулері бүгінгі күні жаңа «постақиқат» дәуір ретінде қабылданатындығын көрсететін «фейк жаңалықтардың» таралуын және бүкіл әлемде «саяси әдептілікке» қарсылықтың өрши түскенін байқадық.

Деректер пікірлер мен сезімдерден маңызды емес, салмағы жоқ сияқты. «Басқаларға» жаны ашу сезімі тұңғйыққа түсіп кетті, және біз әлем жаралғалы бері болмаған антропогендік зұлымдықты қайталауға мәжбүр болатын түріміз бар. Осындай саяси дәуірде әлеуметтану келекенің негізгі нысанына айналады, дегенмен біз әлеуметтанулық қиялды қолдана отырып, беймәлім қырларды көруге және әрі қарай не істеу керек екеніне үмітпен қарауға қабілеттіміз.

Тарихтың үзілісін көру оңай, бірақ оның сабақтастығын көру қиынырақ. Әлеуметтану және оған жақын ғылымдар тарихтағы үзілістер туралы көп жазды – «Еңбектің ажалы», «Тарихтың соңы» және тіпті тікелей «Әлеуметтанудың ақыры»! Дегенмен,

уақыт өте келе кейінгі зерттеулерде бұл мәлімдемелер жұмсара түсті. Әрбір үзілісте барлық кезде сабақтастықтың сақталуын көреміз. Фуконың айтқаны ақиқатқа жақын: әрбір сәт – «кез келген басқа сияқты уақыт, немесе ешқашан кез келген басқа сияқты бола алмасы анық уақыт».

Әлеуметтанушылар ретінде, әсіресе тарихи әлеуметтанумен айналысатындардың, мақсатымыз – жасырын себептер немесе айналымыларды қатесіз анықтау үшін қазір болып жатырған оқиғалардың өткенмен байланыс ағындарын қадағалау. Біз айырылып қалып, жоқтап отырған либералдық-демократиялық қоғам өзінің түбіне өзі жетті; оны қайтадан тура сол қалпында қайта келтіру –

>>

тіпті шешім емес.

Тіпті әлеуметтанудың қоғаммен байланысын мемлекет билігі, азаматтық ұйымдар немесе университеттер арқылы айқын өзгерістерге жетелеу жеткілікті дәрежеде тарихилануы және сыни бағалануы тиіс. Әлеуметтанудағы практиктер мен теоретиктер элиталармен толық «байланыстан» қашып, бірақ элиталармен ешқашан байланысын толық «үзбей» билікпен белгілі бір қатынаста болады.

Мысалы, Бірінші дүние жүзілік соғыстан кейін Еуропадағы ұлттық шекараларды түбегейлі қайта қарауға АҚШ үкіметі шақырған сарапшылардың алғашқылары әлеуметтанушылар болды. Бірақ олардың кейбіреуі, соның ішінде Чикаго Университетінен Уильям Томас барлық лауазымнан босатылып, көпшілік алдында масқараланды, себебі оның интернационализм, ұлттық идентификация және әлеуметтік тәртіп туралы ойлары АҚШ одақтастарының интернационализмді тұжырымдауына кереғар болған еді.

Соғыстан кейінгі саясаткерлер қуғындаған Томас та, басқа әлеуметтанушылар да әлеуметтануды өз үкіметтерінің күн тәртібіне бейімдеуге бас ауыртпағанын айту аса маңызды. Олар зерттеулерінде мемлекетке адал қызмет ететіндіктерін көрсету үшін ымыраға барған жоқ. Дегенмен, осы әлеуметтанушылар кедейлермен, иммигранттармен және т.б. адамдармен оларды қорғау және олардың мүдделерін білдіретін институттарды нақты жасау үшін тікелей жұмыс жүргізді.

Әлеуметтанудың мемлекеттік және қоғамдық қозғалыстармен кейбір қатынастары адам айтқысыз сипатта болды. Айталық, евгеника қозғалысы нағыз шошындыратын мысал ретінде ойға оралады. Салыстырмалы түрде жеңіл сияқты көрінетін мәселелердің

өзі, мысалы, XX ғасырдың ортасындағы адами қатынастар мектебіндегі әлеуметтанудың негізгі рөлі әлеуметтануды адами өлшемде ұстап тұрды, мәселен еңбекті өнеркәсіптік ұйымдастырудың адамдар мен қоғамға қандай ықпалы бар деген сияқты.

Егер авторитаризм мен фашизмге қатысты нашар болжамдарымыз шындыққа айналса, осындай тарихи мысалдарды қарастыруымыз керек. Қазіргі кезде бізді әлеуметтану тәжірибе ретінде қызықтырады. Егер ең жаман нәрсе орын алса, онда дағдымыз бен білімімізді әділетсіздікке қызмет етуге пайдаланбайтынды етіп, кәсібімізді реттейтін этикалық кодекстерімізді қайта қарап, жетілдіруіміз және бекітуіміз керек. Әлеуметтанушылар авторитаризм бойынша сарапшы болды, бірақ көп жағдайда оған қарсылық көрсеткен жоқ.

Әлеуметтанушылар пәніміздің қоғамдық өмірді басқаратын күштер мен институттарға ерекше қатынасы бар гомогенді және біртұтас болмағанын мойындауға тиіс. Жан - жақты білім, әдістер мен теорияларды ие бола отырып, әлеуметтану бірден шектеуге түсіп қалмайды.

Америкалық президенттік сайлаудан кейін әлеуметтанулық түсініктемені ешкім тыңдағысы келмейді дегенге сенімді болған тұста Трамптың қатардағы сайлаушысын талдаған әлеуметтанушы Арли Рассел Хохшильдтің «Өз еліндегі өгейлер эссесі «Нью-Йорк Таймста» бестселлерге айналғанын еске түсірейік.

Бәрінен бұрын Хохшильдтің осы жұмысы мемлекеттік саясатқа ықпал етуге кең мүмкіндіктер беретін сала ауыл әлеуметтануын таныстырады. Барлық жағдайда шығындары пайдасынан асып түсетін жаһанданумен байланысты

перифериялық қауымдастықтарда жұмыс істейтін саясаткерлер өздерінің негізгі тұжырымдарының кейбіреуі – мысалы, қалай болса да экономикалық дамуға қол жеткізу, экспорт үстем экономикалардың өмір сүруге қабілеттілігі, қомақты нәрсе ең жақсы болады деген көзқарастар пайдалы немесе өзекті болудан қалып бара жатырғанын мойындайды. Саясаткерлер мемлекеттік немесе институттық саясаттың ұжымдық әрекетті, құндықтарды, ережелерді және пікірлерді ескермеген жағдайда не болатынын көрді.

Бүкіл әлемде сыни көзқарастағы адамдар, ғалымдар балама экономикалық пікірлерді ұсынуда, экономикалық өсімге шексіз ұмтылудың экологиялық және экономикалық алғышарттарына күмәнданатын ғалымдар мен белсенділер саны артып келеді. Халықаралық деңгейде осы қоғамдастық экономикалық ішкі және халықаралық саясатта көбі негізге алатын адам басына шаққандағы ішкі өнім сияқты табыс құралдарына күмәнмен қарайды. Осылайша күмәндану «басқа әлемдерді» ашуға мүмкіндік береді, дегенмен оның бұрынғы мақсаттарға қайта оралу әлеуеті бар, сондықтан мұндай ойлар сынға ұшырайды.

Міне осыған байланысты әлеуметтанушының қызметі ешқашан аяқталмайды. Әлеуметтанулық білімге деген қажеттілік әлі де сақталып отыр. Егер біз ойымыздың өз ұнамдылығын жоғалтқанын сезсек немесе пән өзіне деген үлкен сенімнен ада болса, шындығында ненің өзгергенін дәлірек анықтауымыз керек. Бұл дәлдікке өзінің әртекті болуына қарамастан әлеуметтануға базбір байланысты беретін сананың сапасы арқылы, яғни әлеуметтанулық қиял арқылы ғана қол жеткізуге болады. ■

Хаттарды Карен Фостерге <Karen.Foster@Dal.Ca> жолдауға болады.

> Әлеуметтанушылардың беймаза кезеңде БАҚ-қа қатысуы

Фуюки Курасава, Йорк университеті, Канада, әлеуметтанулық теория бойынша ХӘҚ зерттеу комитетінің мүшесі (ЗК16)



неғұрлым кең ауқымды топтарға таныстыру үшін таптырмас нәрсе.

Тіпті, бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс қоғамдық және кәсіби әлеуметтанушылардың сапасын жақсартуға алып келеді. Бұл саналуан ой, пікірлер және тәжірибелермен танысу бізге ойлануға, академиялық дискурста үйренбеген көпшілікке арнап жұмыс жасауға және оны таныстыруға үйретеді.

Жаһандық мүмкіндіктер тұрғысынан Канада тәжірибесі аса құнды. Оның екі үстем лингвистикалық бағыттағы қоғамдық саласы медиа ұйымдардың бүкіл әлемдегі әлеуметтанушыларды бағалайтын кеңінен тараған екі тәсілді қамтиды әрі бейнелейді және керісінше, ақпараттық агенттіктер арқылы қоғамдық пікірталастарда кәсіби мамандар немесе бұқаралық интеллектуалдар ретінде қатысатын әлеуметтанушылардың екі стратегиясын сипаттайды.

Ағылшын-америкалық әлемнің басқа бөліктеріндегі сияқты ағылшынтілді Канада да кәсіби әлеуметтану – кеңінен таралған нақты тәжірибенің түрі. Осы жерде жаңалықтар агенттіктері бірінші кезекте әлеуметтанушыларды баяндалғалы отырған нақты тақырып бойынша маман ретінде шақырады (айталық, сириялық босқындардың қоныстары немесе жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік желілердегі бопсалауы). Сонымен қатар АҚШ пен Англиядағы тенденцияларға сәйкес,

Әлеуметтанушыларды бұқаралық ақпарат құралдарына шақыру бүгінгі күні аса игілікті іс емес екенін көпшілік мойындайды. Ақпараттық-сауықтық дәуірімізде түсініксіздеу сияқты көрінетін топқа жататын саясаткерлер мен атақтары жер жарған тұлғаларды шабыттандыратын популистік ұлтшылдық пен діни фундаментализмнің етек жаюы олардың өзгелерді жек көрушілікті ашық насихаттауына және сараптамалық білімді мойындамауына алып келіп отыр. Әлеуметтанушылар саяси текетірес немесе бұқаралық немқұрайлыққа қарсы тұра алады, себебі біз қияли догмаға немесе нақты пірәдарға (профандық немесе теологиялық) және әлеуметтік өмірде даусыз ақылға сыйымды деп қабылданатынды жоққа шығаратын немесе оған түбегейлі қарама-қарсы, аса ыңғайлы емес ақиқатты көрсетуге қабілеттіміз.

БАҚ-қа әлеуметтанушыларды

шақыруға үндеу әлеуметтанулық қауымдастықта бұқаралық ақпарат ұйымдарын корпорациялық және мемлекеттік биліктің құралы деп қарастырудың кеңінен таралуы және жаңалықтар қызметінде жұмыс жасайтын әлеуметтанушыларды бейшара, терең білімнен жұрдай, ғылыми жұмысқа жауапсыз, танымалдықты іздеген пысықайлар деп қабылдаумен бетпе-бет келіп қалады. Соңғы жылдарда әлеуметтік медиа-платформаларға қатысуға мүдделі ғалымдарға «тәжірибелік» нұсқаулықтардың көбеюі де дәстүрлі БАҚ-ты мәдени және технологиялық коқыс ретінде қабылдауға итермеледі.

Осы дәйектерде қандай ақиқат болмасын әлеуметтанушыларды БАҚ-тан алыстату бұқаралық ақпарат құралдарына қолжетімділікті төмендетеді. Бұқаралық ақпарат құралдарын қамту, әсіресе, манызды әлеуметтік, саяси, мәдени және экономикалық пікірталастардағы әлеуметтанулық мүмкіндіктерді

ағылшын-канадалық әлеуметтанудың беделді ұлттық телевизия мен радио, мерзімдік басылымдарда көбірек көрінуі дәстүрге айналған экономика, психология немесе саясаттануға қарағанда салыстырмалы түрде әлі де қоғамдық деңгейдегі екінші орындағы жағдайы арқылы біршама шектеулі.

Екінші жағынан, француз тілді Квебекте әлеуметтану пән ретінде салыстырмалы түрде әлеуметтік-мәдени мойындалуы мен зияткерлік мәртебесінің жоғары дәрежеде болуымен сипатталатын Латын Америкасы мен құрлықтық Еуропадағы сияқты бәсеке мен кәсіби деңгейден артып түсетін қоғамдық рөл атқарады. Әлеуметтанушылар 1960-жылдардағы антиклерикалдық және заманауи «Төңкерістік транквилия» кезеңінен бергі Квебектің французтілді тұрғындарының ұжымдық және ұлттық идентификацияларының әлеуметтік және мәдени негіздерін айқындауға сүбелі үлес қосты. Нәтижесінде әлеуметтанушыларды зияткер және сұңғыла маман ретінде қабылдау орнықты. «Әлеуметтанушы ретінде қалай ойлайсыз?» деген сұрақпен әлеуметтік және саяси мәселелердің кең ауқымы бойынша пікірлерін білу үшін журналистер немесе жүргізушілер әлеуметтанушыларға жиі таянатын болды.

Осы айтылған дүниелер Канада әлеуметтануына қатысты болғанына қарамастан, басқа да көптеген елдерге байланысты жалпылауға болатын әлеуметтануды танудың қосжақты сипатын көрсетеді, ол – арнайы мамандық ретінде немесе бұқаралық интеллектуалдың қызметі ретінде тану. Тәуекел мен марапатының айырмашылықтары болғандықтан, тәжірибелердің әрбір тәсілі БАҚ-қа икемделгенде белгілі бір стратегиялар кешенін талап етеді және әрқайсысы барлық тәжірибелер үшін құнды сабақ бола алады.

Ағылшын-америкалық әлемінде жариялылық деңгейінің төмендігі және кәсіби мамандануға негізделген әлеуметтанудың пән ретінде кең

таралуына күш салуға үш принцип көмектесуі мүмкін:

- Өз пікіріңізді айқындаңыз. Өзіңіз қандай рөл атқара алатыныңызды түсіну үшін ұлттық медиа-аландық идеологиялық және кәсіби ландшафтыны зерттеңіз. Продюсерлер немесе журналистер неге Сізге қолқа салады; тәжірибеңіз қай мақсатта сұранысқа ие; тұжырымдарыңыз мақалада немесе сөз сөйлеу кезінде қалай жеткізіледі?

- Байланыстар алаңын кеңітіңіз. Медиа әлеуметтанудың репрезентативті іріктеуіне аналитикалық принциптерді қолдана отырып дайындаған сұқбатыңызды мәртебесі төмен қауымдастық радио-бекеттеріне, шағын басылымдарға және т.б. ұсыныңыз. Бұл Сізге әлеуметтанумен бейтаныс, бірақ белгілі бір тақырыпқа қатысты әлеуметтанулық көзқарасқа қызығушылығы туатын аудиторияны қамтуға мүмкіндік береді.

- Пікір аса қымбат тұрмайды, бірақ әлеуметтанулық деректер өте ауыр еңбекпен жинақталады. Әлеуметтік желілер дәуірінде әркімнің өз пікірі бар және оны көпшілікке жариялау алаңы да бар. Мұндай жағдайда сіздің кәсіби маман ретіндегі ерекше айырмашылығыңыз – кеңінен тараған қате пікірлерге қарсы тұру үшін зерттеулер нәтижесіне жүгіну және дәйектер келтіру, сонымен қатар нақты оқиғаны неғұрлым кең әлеуметтік-тарихи және салыстырмалы тұрғыда көрсету.

Әлеуметтанушы әдетте бұқаралық интеллектуал рөлін атқаратын және БАҚ-пен байланыс кәсіби маманданумен ғана байланысты деп танылатын Латын Америкасы, құрлықтық Еуропа және французтілді Квебек сияқты елдер үшін мен екі ойымды ұсынамын:

- Кездесу үлгісі. Журналистер немесе продюсерлер сізбен алдын ала әңгімелесу өткізеді және кеңестеріңізді жоғары бағалайды, белгілі бір тақырыпқа өзіндік ұстанымыңызды қалыптастыру үшін осы мүмкіндікті

мүлт жібермеңіз. Мәселені зерттеудің балама нұсқаларымен бөлісіңіз, сұқбат үшін басқа маманды ұсыныңыз немесе кейінірек есепті, деректерді немесе тіпті (түртіп алыңыз!) осы мәселе бойынша рефератталған журнал мақаласын немесе кітапты жіберіңіз.

- Назарыңызды жағымды нәтижелерге аударыңыз. Бұқаралық интеллектуал ретінде қабылданатындығыңызды ескерсек, әлемдік жағдай немесе себеп-салдарлық байланыстар туралы болжамдар хақында тым әсіре мәлімдемелер жасау ниеті бойыңызда пайда болары хақ. Оның орнына сұқбатта тек ғана өзіңіз білетін салаға қатысты сұрақтарға жауап беріңіз. Оны қысқа да нұсқа жасаңыз, өзекті нәрсеге ден қойыңыз, талдауды ұсынғанда тым қарапайым және үзік-созық болмауына, түсінікті болуына көңіл бөліңіз.

Менің соңғы ойым айтылған барлық нәрсеге қатысты қолданылады: уақыт – бәріне жауапты. Қатаң мерзім және ақпараттылықтағы сәттік жаңалық бұқаралық ақпарат құралдары үшін қасиетті болып табылады. Сізге БАҚ талаптары мен өзіңіздің жұмыс кестесі арасындағы теңдікті таба алу керек. Тілшілер, продюсерлер және редакторлар Сіз оларға сұқбат беруге немесе өз зерттеуіңіздің бір бөлігін жариялауға уақыт тапқанға дейін күте алмайды, себебі оқиға жария болады немесе қоғамдық санадан жойылады.

Әлеуметтанушыларға адасушы мылжың немесе шаршаңқы ғалым болуды ұсынғаннан гөрі, бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтастық орнатуды қалпына келтіруге шақырамын. Бізге осы өліара шақта даналық бейнесінде марапатталып жүрген жиіркенішті кәсіпкерлік немесе өркөкірек оппортунизмге қоғамдық қатынастардағы пиардың баламасы ретінде әлеуметтануды қоғамдық мәртебе және кәсіби пән ретіндегі қосжақты мақсатын дамыту керек. ■

Хаттарды Фуюки Курасаваға <kurasawa@yorku.ca> жолдауға болады.

> АҚШ Университеттері: Иммигранттарға қарсы күреске арналған жаңа сайт

Сандра Портокарреро және Франциско Лара Гарсия, Колумбия Университеті, АҚШ



Америкалық студенттер өздерінің университеттік қалашығының құжатсыз студенттерге баспана болуын талап етуде.

2012 жылы 15 маусымда Обаманың әкімшілігі АҚШ-тың иммиграциялық саясатын өзгертіп, екіжылдық әкімшілік депортациядан босату мақсатында Құрама Штаттарға келген, құжаттары жоқ, шамамен 1,7 миллион жас иммигрантқа рұқсат беріп, «Балаларға арналған кейінге қалдырылған іс-шаралар» (DACA) бағдарламасын дайындауды жариялаған болатын. Сонымен

бірге DACA құжаттары жоқ жас иммигранттарға жоғары білім алуға мүмкіндік жасаумен қатар, олардың жұмыспен қамтылуына рұқсат берді. Америка Құрама Штаттарының көпшілігі берілген бостандық ретінде депортациядан қорықпай қыдыруды, жұмысқа тұруға немесе білім алуға арыз беруді айтады. DACA бұл жеңілдіктерді тым болмағанда кейінге шегеру мерзімінде АҚШ-ты өзінің үйі ретінде қабылдайтын,

>>

осы артықшылықтарды жан тыныштығымен қолданатын, құжаттары жоқ жастарға таратқан болатын.

Дональд Трамп АҚШ-тың президент лауазымына тағайындалғаннан кейін, жайбарақат көңілді үрей басты. Трамптың кампаниясын бейнелейтін, иммигранттарға қарсы риторикамен қатар келген үрей, орманда таралған от секілді өршіді. Көбінесе, DACA бенефициарлары Обама әкімшілігі ұсынған қауіпсіздік шаралары жақын арада өз күшін жояды деп үрейленді. Бірақ, үрей сезімі одан әрі тереңдеді; мигранттар жаңа жойқын иммиграциялық шектеулер бәріне өз кесірін тигізеді деп қорықты.

Бұл қауіп-қатер елге жеті ірі мұсылман жұртының кіруіне тыйым салатын қаулыға президент қол қойғаннан кейін 2017 жылдың 27 қаңтарынан бастап расталды. Тілдің кең таралуына байланысты, босқындар мен америкалық азаматтарды қоса, барша ұлттың иммигранттары мен құқықтық мәртебелер, елде өткен наразылықтарға байланысты құрсауланған болатын. Барлық иммигранттар, тіпті босқындар болсын, студенттік виза иелері немесе тұрақты тұрғындарды болсын ұстап алып, тергеп, тіпті елге кірулеріне тыйым салынбайтынына кепілдік жоқ. Мемлекеттік Департаменттің нұсқаулары бойынша, тыйым салынған елдердің қосазаматтық алған азаматтарына АҚШ-қа кіруге шектеу қойылды.

Бір сәтте осалдық тек қана тіркелмегендердің санының артуынан ғана емес, иммигрант кейпіндегі адамдардан байқалған болатын. Сиэтлдің Федералды аймақтық соттың тәртіпті оқшауландырығанына қарамастан, барлық эпизодтың болжамы бойынша, Трамптық Ақ Үйдің иммиграциялық саясаты кейбір айырмашылықтарға назар аудармайды. 2017 жылдың 6 наурызында алты мұсылман елінің азаматтарына Америка Құрама Штаттарына кіруге тыйым салды. Бұл Америка тарихында иммиграциялық саясатқа ең қатал қол сұғу болды.

Осы шиеленістер америкалық колледждер мен университеттерден басқа жерлерде айқын көрініс таппады. Мемлекеттік секілді америкалық жекеменшік университеттер әкімшілік қызметкерлер мен студенттік ұйымдарды, сонымен қатар мигранттардың гетерогенді топтарын өзінің факультеттері аясында топтастырып келеді. Обама әкімшілігінің DACA бағдарламасына біршама өзгерістер енгізген болатын: DACA мүшелері колледжге түсу, университеттерге қабылдану секілді мүмкіндіктерге ие болды. Әрбір кабинетте мигранттардан тұратын профессура, шетел студенттері бар. Бұл – түрлі этникалық топтардан, нәсілден немесе әртүрлі иммигранттық мәртебеден құралған адамдар тобымен жұмыс жасайтын заманауи жалғыз бағдарлама. Осылайша, бүкіл елдегі университеттер жол жүруге қойылған шектеуге қарсы шықты. 2017 жылдың 13 қарашасында АҚШ-тың Нью-Йорк, Шығыс бөлігінің аймақтық сотында Американың 16 университеті ұсынған *amicus* шағымы берілді. Құжаттарда бекітілгендей, «қауіпсіздік мәселесі мен күзет Америкада бұрыннан қалыптасып қалған құндылықтармен шешіліп отырады. Оған қоса, идеялар мен ойлардың еркіндігі және университеттерге иммигранттарды қабылдау».

Америка Әлеуметтанулық қауымдастығының 2017 жылдың 30 қаңтарында жариялаған қаулысы бойынша Трамптың ұжымдық іс-әрекеттерді қалай жүзеге асыру керектігі туралы ұсыныстары қарастырылған болатын. Бұл ассоциация әлеуметтанушыларының айтуы бойынша, егер де біз бірлесіп белсенді іс-әрекет жасайтын болсақ, жүйенің жұмыс тиімділігі артады. АҚШ-тың президент лауазымына қатал антимигранттық риторикасын ұстанатын адам таңдалғаннан кейін, академиялық институттар бақылаушылардан қоғамның белсенді қатысушыларына айналды. Майкл Буравойдың айтуынша, бірегей позицияны ұстана отырып,

университеттер қазіргі заманда бір мезетте қоғамның бақылаушылары мен қатысушыларына айналып отыр. Басқаша айтқанда, бұл көпшілікке жасалған мәлімдеме әлеуметтануды билік алаңы етті.

Әлеуметтанушыларға қала университеттеріндегі иммигранттардың арасында пайда болған әртүрлі топтардың динамикасына назар аударған жөн. Бүгінде, иммигранттарды жалдайтын немесе ұсынатын мекемелер, әдетте, білім деңгейі мен арнайы экономикалық кейіп мигранттар тарапынан шығады. Мәселен, ауылшаруашылық палаталар, арзан және ауыл-шаруашылық жұмысшылар мен тіркелмеген күндізгі жұмыскерлерге кепіл беретін саясатты қолдайды. Силиконды алқаптағы техникалық алқаптар жоғары білікті инженерлер мен компьютерлік мамандарды тарту мен жалдауды жеделдетуде. Бірақ, америкалық университет, ерекше қабілеті бар, иммигранттық әлеуметтік қозғалыс жасай алатын немесе Трамптың күн тәртібімен нәтижелі күрес жүргізе алатын осындай иммигранттық топтардың алуан түрлі жиынтығын топтастыруда. Сәтсіз серіктестіктің баламасы ретінде сектораралық серіктестіктің шекаралары мен иммигранттық топтар арасындағы ниеттестік мақсатында, сенімді жүйені құру мәселесін қарастыру керек.

Жалпы алғанда, америкалық азаматтық қоғам Трамп дәуірінің үндеуіне жауабын бақылай отырып, әлеуметтанушылар университеттерге жылысқан топтардың динамикасына назар аударғаны абзал. Әзірше, олардың маңыздылығына назар аудару – ерте. Алайда, университет әртүрлі мүдделердің түйіскен жері екенін ескере отырып, америкалық университеттердің ерекше позициясын орнату керек.

Хаттарды Сандре Вероника Портокарьероға <svp2118@columbia.edu> және Франциско Лара Гарсияға <f.laragarcia@columbia.edu> жолдауға болады.

¹ "Redefining the Public University: Developing an Analytical Framework," Transformations of the Public Sphere, Social Science Research Council, 2011.

> Аргентиналық редакция мүшелерін таныстыру

Хуан Игнасио Пиовани, ХЭҚ болашақты зерттеу (ЗК07), логика және әдіснама (ЗК33) бойынша зерттеу комитеттерінің мүшесі, **Пилар Пи Пуч** және **Мартин Уртасан**, Ла Плата Ұлттық университеті, Аргентина

Колумбиядағы Майо Альварес Ривадулланың бақылауында 5 жыл бойы испан тіліне мүлтіксіз аударма жасағаннан кейін Жаһандық диалогқа (GD) 2016 жылы қосылдық. Содан бері GD әрбір шығарылымы бізге үндеу және үйренуге мүмкіндік сияқты: бірнеше апта қарбалас жұмыстан кейін, үлкен парызды орындадық деген керемет сезім бойды билейді.

Аударма ешқашан тікелей болмайды. Жақында румыниялық топ бұрын ресми аударылмаған жаңа ұғыммен байланысты мәселеге тап болғаны туралы жазған еді. Бірақ испан тілі академиялық кеңістікте, сондай-ақ халықаралық ұйымдар арасында кең қолданылатын болғандықтан көптеген дереккөздерге – мақалаларға, баяндамаларға, ресми құжаттарға және т.с.с. құжаттардың көмегіне сүйеніп, ағылшынша әлеуметтанулық және саясаттанулық жаңа сөздердің испан тіліндегі баламасын іздедік. Испан тілі кең таралғандықтан, нақты талап қоятыны айқын. 24 елде ресми тіл ретінде қабылданған. Әлемде 500 миллионға жуық адам испан тілінде сөйлейді. Әрбір аймақта, тіпті ғылыми алаңда да бір тұжырымдаманың өзі әртүрлі түсіндірілетін тілдің өзіндік ерекше нұсқасы болады. Бұл мәселені шешу үшін, көп уақыт талқылауға кетеді, түсінікті етіп жеткізу үшін «бейтарап» испан тілін немесе мағынасы анық болуы үшін аймақтық лингвистика нұсқасын таңдаймыз.

Саналуан пікір мен қабылдау түрлерінің қиындығы нақты бір тілдің шекарасынан шығып кетіп жатады. Мысалы, ағылшын тіліндегі «transparent» (ашық) сөзінің испан тіліндегі баламасы – «либерал» саясаткердің идеологиялық көзқарасын сипаттауда қиындық тудырды. Біздің алғашқы нұсқамыз испандық «либералды» термині болды. Бірақ, Испанияда және Латын Америкасының көптеген елдерінде «либерал» таза консервативті сипатта қабылданады. Балама түрінде progresista (прогрессивтік) сөзі бар, бірақ, көптеген латынамерикалық елдерде бұл сөз солшыл көзқарас дегенді білдіреді. Сондықтан әлі күнге дейін неолибералды экономикаға, отбасылық құндылықтарға, ұқсас саясатқа (дамыған елдердегі либерал деп аталатындар секілді) байланысты progresista сөзін қолдану әбден жөнсіз болар еді. Осындай сияқты ұғымдар аудармасы айтарлықтай

терең талдауды, әртүрлі баламалар мен олардың салдарын бағамдауды қажет етеді.

Біз үнемі тап болатын келесі бір мәселе – ағылшын тілі мен испан тілінде әртүрлі қарастырылатын жынысқа қатысты зат есімдер. Әрине, Жаһандық Диалогтың редакция мүшелері бүкіл әлемдегі әйелдер теңдігі күресінен хабардар, журнал әйелдер құқығы, гендерлік мәселелер және әр елдердегі феминистік пікірталастар жайлы мақалалар жариялайды. Көптеген сыншылар испан тілінде (және басқа да тілдерде) гендерлік кемсітушілік бар деп сенеді. Кейбір авторлар, әсіресе, гендерлік теңсіздік немесе соған ұқсас мәселелерді шешуде осындай кемсітушілік түсініктерді жою үшін алдын ала ойластырылған стратегия қолданады. Ағылшын тілінен мәтіндерді жиі аударатын болғандықтан, бұрын үшінші бір тілде жазылған (гендерлік кемсіту айқын орын алған) мәтіндегі автордың кемсітуге қатысты пікірі мен түпнұсқадағы сексистік сарыны біздің аудармаларымызда еріксіз бұркмеленеді.

Басқа редакциялық топтардан айырмашылығымыз – жұмыс жүктемесін Ла Плата Ұлттық университетіндегі әлеуметтану факультетінде неғұрлым шағын топқа шоғырландыру шешімі. Жаһандық диалогтың ағылшынша нұсқасы қолға тиісімен Пилар мен Мартин мақалаларды бірден тақырыптық және жеке қызығушылыққа байланысты бөледі. Аудармашылар әр мақаланы өз бетінше аударары, содан кейін өзара бірлесіп жұмыстарын қайта тексереді. Кейінірек, Хуан мұқият әрі жан-жақты барлық аудармаларды өңдейді. Осы процесс аралығында біз Лола Бусуттильден баға жетпес кеңестер аламыз. Оның бірнеше тілдегі біліктілігі және аудармадағы көпжылдық тәжірибесі Жаһандық Диалогтың испан тіліндегі нұсқасын жақсартуда шешуші рөл атқарады.

Жаһандық диалогқа қатысу, аудару қабілетімізді дамытты және әртүрлі ауқымды әлеуметтік тақырыптар мен мәселелерді тануға мүмкіндік берді. Жаһандық диалог әлемді жақсырақ білуімізге көмектеседі және әлеуметтанулық қиялымызды қанаттандырады.



Хуан Игнасио Пиовани – Ла Плата Ұлттық университетінің әлеуметтану факультетінде әлеуметтік зерттеулер әдістері профессоры және Ғылыми-технологиялық зерттеулер бойынша Ұлттық кеңесте (CONICET, Аргентина) ғылыми зерттеуші. Ол қала бойынша әлеуметтік зерттеулер мен статистика магистрі дәрежесін Лондон университетінде (Ұлыбритания) және әлеуметтік ғылымдардың әдіснамасы бойынша философия докторы дәрежесін Римдегі Сапиенца университетінде (Италия) алған. Қоғамдық ғылымдар бойынша Кордова Ұлттық университетінің (Аргентина) докторанты және Рио де Жанейро Федералды университетінің (Бразилия) әлеуметтану мен антропология саласы бойынша аспиранты болды. Көптеген жылдар әлеуметтанулық әдістердің тарихы, негіздемесі және негіздері бойынша зерттеулер жүргізді. 2011 жылдан бастап бірнеше жобаны дайындайтын және елдегі барлық мемлекеттік университеттердегі 50 әлеуметтік ғылымдар мектебін біріктіретін Аргентинадағы заманауи қоғамды зерттеу бағдарламасының (PISAC) директоры.



Пилари Пи Пуч әлеуметтануды Ла Плата Ұлттық университетінде (Аргентина) игерді. Қазір осы университетте қоғамдық ғылымдар аспиранты. Оның зерттеулері қоршаған орта әлеуметтануына негізделген және оның қызығушылығы – қоршаған орта, қала жағдайындағы кедейлік пен теңсіздік. Пилар Пи Пуч әлеуметтану кафедрасында жұмыс істейді. Осында кедейлік пен теңсіздікті зерттеудегі әдіснамалық мәселелерге арналған бірнеше әлеуметтік жобаларға қатысады. Сонымен қатар, Пилар Ла Плата қаласындағы кедей аудандарды кеңейту жобаларына және Вуперталь университетіндегі (Германия) әріптестерімен бірге тәжірибе алмасуға қатысады.



Мартин Уртасан әлеуметтану мамандығын қазіргі кезде заманауи қоғамдық ғылымдар бойынша CONICET бөлген шәкіртақымен докторантурада оқып жүрген Ла Плата университетінде (Аргентина) игерді. Мартин технологиялық құрылғыларға, әсіресе, қаладағы видеобақылау арқылы «сақтандыру» қауіпсіздік саясатына зерттеулер жүргізеді. Ол прагматикалық әлеуметтануға теориялық негізделген техника мен қоғамның ғылыми зерттеулеріне этнографиялық әдісті қолданады. Мартин сондай-ақ, халық ағарту ісіне қызығады және әлеуметтік қозғалыс аясында ұйымдасқан ересектерге арналған халықтық орта мектептің мұғалімі және белсенді мүшесі.

Хаттарды

Хуан Игнасио Пиованиға <juan.piovani@presi.unlp.edu.ar>,

Пилар Пи Пуигке <pilarpiguig@gmail.com>,

Мартин Уртасунға <martinjurtasun@gmail.com> жолдауға болады.